



Magjan juldzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 1 (852) 9 қаңтар 2025 жыл

www.facebook.com/Magzhan_zhuldizi

https://vk.com/Magzhan_zhuldizi

e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

ПРЕЗИДЕНТ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: МАҚСАТЫМ – ЭКОНОМИКАНЫ ЖӘНЕ ЕГЕМЕНДІКТІ НЫҒАЙТУ

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, былтыр «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатыңызда жылды қорытындылап, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстың басым бағыттарын белгілеп бердіңіз. Осындай сұхбаттар жақсы дәстүрге айналып келеді. Бұл елімізді дамытуға қатысты шаралардың мән-маңызын азаматтарымыздың терең түсінуіне мүмкіндік береді. Бүгін де мазмұнды әрі ашық өңгіме өрбітеміз деп ойлаймын. Алғашқы сұрақ: Қазақстан үшін өткен жыл несімен ерекше болды?

– Былтыр көптеген маңызды оқиға болды, қыруар жұмыс атқарылды. Мысалы, әбден тозығы жеткен инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары барлық аймақта жүргізілді. 18 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 7 мың шақырым автокөлік жолы салынып, жөндеді. Алматы, Қызылорда және Шымкент әуежайларында жаңа жолаушылар терминалы іске қосылды. Тау-көк, мұнай-химия және металлургия салаларында ауқымды жобалар жүзеге асырылды. Қайта өңдеу секторы қарқынды дами бастады. Оның өнеркәсіптегі үлесі өндіру саласының деңгейіне жуықтады. 27 миллион тоннаға жуық астық жинап,



соңғы он жылдағы рекордтық көрсеткішке айрықша атап өткен жөн. қол жеткізген диқандарымыздың жетістігін Мен былтырғы сұхбатымда 2024 жыл

Қазақстан үшін айрықша маңызды жыл болатынын айтқан едім. Шын мәнінде солай болып шықты.

Біз еліміз үшін күрделі болса да, жүйелі экономикалық реформаларды қолға алып, алдағы бес жылдық дамуымыздың берік негізін қаладық. Сол үшін көптеген маңызды жобалар мен бастамалар жүзеге асырылды. Келешекте бұдан да ауқымды жұмыс жасалмақ.

Қазақстан – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан былтырдан бастап «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында төлем беріле бастады. Зейнетақы, жәрдемақы, шәкіртақы және азаматтық сала қызметкерлерінің жалақысы көбейді. Еліміздің түкпір-түкпірінде жүздеген жаңа мектеп, балабақша және дене шынықтыру-сауықтыру орталықтары салынды. Шетелдің оннан астам беделді жоғары оқу орнының бөлімшесі ашылды. Ғылымды қаржыландыру көлемі арта түсті, мәдениет саласының қызметкерлеріне елеулі қолдау көрсетіліп жатыр. Бұқаралық спортты дамытуға баса мән берілді. Мұның бәрін азаматтардың жасампаздық әлеуетін арттыру үшін пайдалы инвестиция деуге болады.

Жалғасы: 2,3,4,5 беттерде.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

АУДАН ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ 1 ТОҚСАНДА ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Органның атауы	Тегі, аты, өкесінің аты	Лауазымы	Қабылдау күндері және уақыты	Орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің аппараты» КММ	Смағұлов Рахат Назымбекұлы	Аудан әкімі	Сейсенбі, апта сайын сағ. 10.00-ден 13.00-ге дейін	Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 56	2-14-03
	Тасмағанбетов Достан Серікболатұлы	Аудан әкімінің экономикалық және шұғыл мәселелер жөніндегі орынбасары	Сәрсенбі, апта сайын сағ.11.00-ден 13.00-ге дейін		2-22-67
	Шәріпов Азамат Сайранұлы	Аудан әкімінің ауыл шаруашылығы жөніндегі орынбасары	Бейсенбі, апта сайын сағ.11.00-ден 13.00-ге дейін		2-21-94
	Қазисов Абай Серікұлы	Аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары	Сәрсенбі, апта сайын сағ.11.00-ден 13.00-ге дейін		2-12-42
		Аудан әкімі аппаратының басшысы	Бейсенбі апта сайын сағ.11.00-ден 13-00-ге дейін		2-14-08

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТЫНЫҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Т.А.Ә.	Қабылдау күні, уақыты	Қабылдау орны
Кляйн Николай Юрьевич	Әр айдың екінші сәрсенбісі, сағ. 11.00 бастап 13.00 дейін	Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56 ұй, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті, алдын ала жазылу 8 (715-31) 2-19-96 телефоны арқылы

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Т.А.Ә.	Қабылдау күні, уақыты	Қабылдау орны
1	Рахметова Айзада Нұрланқызы	Әр айдың екінші жұмасы, сағ. 15.00 бастап 18.00 дейін	Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті
2	Баранов Юрий Олегович	Әр айдың үшінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 12.00 дейін	Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті
3	Бекіров Ермек Жәңгірұлы	Әр айдың бірінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 12.00 дейін	Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті
4	Шәрімов Нұржанат Сабырұлы	Әр айдың екінші бейсенбісі, сағ. 10.00 бастап 12.00 дейін	Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті
5	Крот Олег Степанович	Әр айдың бірінші дүйсенбісі, сағ. 10.00 бастап 15.00 дейін	Бастомар а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті сағ. 10.00-11.00; Александровка а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00; Возвышенка а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00
6	Хайдарова Жәния Абайқызы	Әр айдың бірінші дүйсенбісі, сағ. 10.00 бастап 13.00 дейін	Қарақоға а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті
7	Елубаев Сатыбек Фазылұлы	Әр айдың екінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 13.00 дейін	Надежка а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті сағ. 10.00-11.00; Чистовское а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті сағ. 12.00-13.00
8	Сағындықова Гүлбану Төлегенқызы	Әр айдың соңғы сәрсенбісі, сағ. 12.00 бастап 17.00 дейін	Конюхов а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00; Октябрьское а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00; Лебяжье а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 16.00-17.00
9	Сералинов Алмас Уәлиұлы	Әр айдың екінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 15.00 дейін	Таманское а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 10.00-11.00; Молодогвардейское а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00; Ұзынкөл а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00
10	Әбілмәжінов Төлеген Әлжанұлы	Әр айдың екінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 15.00 дейін	Полтавка а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті сағ. 10.00-11.00; Жастар а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00; Советское а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00
11	Сапаров Әлібек Әнуарбекұлы	Әр айдың екінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 13.00 дейін	Бәйтерек а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 10.00-11.00; Полудино а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті сағ. 12.00-13.00

МАҚСАТЫМ – ЭКОНОМИКАНЫ ЖӘНЕ ЕГЕМЕНДІКТІ НЫҒАЙТУ

Жалғасы, басы 1 - бетте.
Қазір әлемде бұрын-соңды болмаған аса күрделі геосаяси ахуал қалыптасып отыр. Соған қарамастан, Қазақстан бейбітшілік үшін диалог орнату жолында тиімді рөл атқаратын мемлекет ретінде халықаралық аренадағы позициясын күшейтті. Бұл жағдай өлімізді қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және экономикамызды орнықты дамытуға септігін тигізеді.

Жалпы, өткен жыл оңай болған жоқ, тіпті күрделі жыл болды деуге келеді. Қазақстанға сыртқы факторлардың салқыны тиді, табиғат апаттады жоспарларымызға әсер етті. Алайда бұл ахуалды бақылауда ұстап қана қоймай, жан-жақты реформаларымызды жалғастыра алдық. Осылайша, жасамағандық стратегиясы одан әрі жүзеге асырылып жатыр.

– Сіз бытырағы табиғат апатын еске алдыңыз, яғни өңірлердің тең жартысын басып қалаан алаптар су тасқынын тілге тиек еттіңіз. Сол кезде уәкілетті органдара алаптың салдарын жою туралы нақты тапсырма бердіңіз. Содан бері жұрт ауқымды жұмыс атқарылағанына куә болды. Бірақ қарғын су кезінде қордаланған көптеген мәселенің беті ашылды. Мемлекет осы табиғат апатынан қандай сабақ алды?

Өдетте мемлекеттік қызметшілерді орынсыз сынап-мінейтін өңгімелер жиі айтылады. Алайда бәрі де салыстырғанда көрінеді. Әсіресе басқа елдермен салыстыру арқылы сараланады. Біз коронавирус індетінен бастап қазірге дейін дағдарысты жағдайлардың бәрін ойдағдай өтіп келеміз. Көкемгі су тасқынының салдарын жою үшін қабылданған шаралар мемлекеттің тиімді жұмыс істей алатынын көрсетті. Зардап шеккен бір де бір отбасы көмек-қолдаусыз қалған жоқ. Үй салынды, пәтер берілді, инфрақұрылым нысандары қалпына келтірілді, қарғын судан зардап шеккен барша тұрғындар мен кәсіпкерлердің шығыны өтелді. Мұның бәрі ете қысқа мерзім ішінде жасалды. Су тасқынының салдарын жоюға ірі бизнес өкілдері де елеулі үлес қосты. Бүгінгі дүрбелеңге толы дүниеде технокендігі сипаттағы апаптар мен табиғат апаттары көбейіп тұр. Оның бәрін өңсереу көптеген ел, соның ішінде дамыған мемлекеттердің өзі дайын болмай жатады. Біз бұған 2024 жылда да анық көз жеткіздік. Әрине, елі көп жұмыс істеу қажет екені сөзсіз. Дегенмен төтенше жағдайға төтеп беру тұрғысынан, Қазақстан басқа елдермен салыстырғанда лайықты орында тұр.

Былтыр тасқын өліміз үшін оғр сынақ болды. Мұндай алаптар тасқын Қазақстанда бұрын болмаған. Мемлекет орасан зор қауіптің бетін қайтару үшін шұғыл шаралар қабылдады. Адамдар дер кезінде қауіпсіз жерге көшірілді, олардың уақытша паналатын орындары әзірленді, материалдық резервті пайдалануға рұқсат берілді. Апаптан құтқару жұмыстарына Төтенше жағдайлар министрлігінің ғана емес, жиі істер және Қорғаныс министрліктерінің, Ұлттық ұланғын және басқа да құрылымдардың қызметкерлері, жалпы саны 63 мыңға жуық адам жұмылдырылды. Соның арқасында көптеген азаматты құтқарып, аман сақтап қалдық. Ең бастысы – осы.

Желтоқсанның соңғы күндері Ақтау қаласында Әзербайжан өуе компаниясының ұшағы апатқа ұшырады. 38 адам қаза болды, оның ішінде өліміздің 6 азаматы бар. Ауыр жарақат алғандар да көп. Мұндай сәтте әрбір секунд қымбат. Құтқарушылар, дәрігерлер мен төртіп сақшылары шұғыл әрі үлесімді өрекет етті, кәсіби деңгейі мен азаматтық жауапкершілігі жоғары екенін көрсетті. Жақын жердегі Маңғыстау өңірлік электр торабы компаниясының жұмысшылары бірден көмекке келді. Төңіректегі тұрғындар да зардап шеккендерді құтқаруға атсалысты. Азаматтарымыздың жанқиярлығы арқасында барынша көбірек адамның өмірін сақтап қалдық. Мен құтқару жұмыстарына қатысқан әрбір адамға шын көңілден ризашылығымды білдіремін. Қазақ халқының апаттан зардап шеккендерге жамаатырығы мен тілеулістігі азаматтарымыздың жаппай қан тасыруға асыққанынан да айқын байқалды.

Бір ел, бір халық болып, жұдырықтай жұмыла бісек қана мұндай апаттарды өңсере алатынымызға беріміз көзжеткізді. Су тасқыны кезінде волонтерлер қозғалысының әлеуеті зор екенін көздік. Еліміздің түкір-түкірінен келген ертілер құтқарушыларға жәрдемдесті, гуманитарлық көмек ұйымдастырып, зардап шеккендерге қолдау көрсетті.

Желтоқсанның соңғы күндері Ақтау қаласында Әзербайжан өуе компаниясының ұшағы апатқа ұшырады. 38 адам қаза болды, оның ішінде өліміздің 6 азаматы бар. Ауыр жарақат алғандар да көп. Мұндай сәтте әрбір секунд қымбат. Құтқарушылар, дәрігерлер мен төртіп сақшылары шұғыл әрі үлесімді өрекет етті, кәсіби деңгейі мен азаматтық жауапкершілігі жоғары екенін көрсетті. Жақын жердегі Маңғыстау өңірлік электр торабы компаниясының жұмысшылары бірден көмекке келді. Төңіректегі тұрғындар да зардап шеккендерді құтқаруға атсалысты. Азаматтарымыздың жанқиярлығы арқасында барынша көбірек адамның өмірін сақтап қалдық. Мен құтқару жұмыстарына қатысқан әрбір адамға шын көңілден ризашылығымды білдіремін. Қазақ халқының апаттан зардап шеккендерге жамаатырығы мен тілеулістігі азаматтарымыздың жаппай қан тасыруға асыққанынан да айқын байқалды.

Қарғын судың қарқыны шынымен де қатты болды: үйлер, жолдар, көпірлер, әлеуметтік және коммерциялық нысандар бүлінді, біраз мал қырылды. Бөгеттер мен гидротехникалық қондырғылар салуға ондаған жыл бойы жете көңіл бөлінгенде, апаттың салдары соншалықты ауыр болмас еді. Мұны мойындау керек. Қазір қателікті түзеп, олқылықтың орнын толтыруға кірістік. Парламентте жаңа Су кодексінің жобасы қаралып жатыр. Су ресурстарын басқару тұжырымдамасы және оның көшенді жоспары бекітілді. Онда 2030 жылға дейін 40-тан астам су қоймасын салу және 37 су қоймасын жөндеу қарастырылған. Сондай-ақ жалпы ұзындығы 14 мың шақырымнан асатын ирригация каналдарын жаңғырту көзделген.

Ұшақ апатының себебін анықтау үшін Үкімет комиссиясы құрылғанын атап өткім келеді. Сонымен бірге 17 халықаралық сарапшы шақырылды. Оның ішінде Халықаралық азаматтық авиация ұйымының және Мемлекетаралық авиация комитетінің мамандары бар. Үкімет комиссиясы мөліметтің бәрі жазылған арнайы құрылғыны сол ұшақты жасаған Бразилия еліне жіберу туралы шешім қабылдады. Бұл қадам тергеу жұмыстарын объективті әрі бейтарап жүргізілуіне жағайт бірден-бір дұрыс шешім екеніне сенімдімін.

– Сіз Сауд Арабиясындағы халықаралық форумға қатысқаныңызды атап өттіңіз. Жалпы, былтыр өлемдік деңгейдегі осындай көптеген іс-шараға қатыстыңыз. Бұл сіздің сыртқы саясатқа баса мән беретініңізді меңзеп, «Президент – кәсіби дипломат, сондықтан халықаралық мәселелерге көбірек назар аударады» деген өңгіменің шығуына түрткі болды. Шынымен де солай ма?

Әлемдік деңгейдегі осындай көптеген іс-шараға қатыстыңыз. Бұл сіздің сыртқы саясатқа баса мән беретініңізді меңзеп, «Президент – кәсіби дипломат, сондықтан халықаралық мәселелерге көбірек назар аударады» деген өңгіменің шығуына түрткі болды. Шынымен де солай ма?

Төтенше жағдайларды болжау және оның алдын алу жүйесін жаңғыртуға қатысты ауқымды жұмыстар басталды. Су мамандарының тапшылығы мәселесін шешу және зерттеу жұмыстарын жандандыру үшін Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті құрылды. Былтыр желтоқсан айының басында Сауд Арабиясында One Water Summit атты басқосу өтті. Қазақстан мен Франция тарағалық өткен осы алқалы жынғаға қатысып, сөз сөйледі. Онда суға байланысты апаттарға төтеп беру мүмкіндігін арттыру қажеттігіне арнайы тоқталды. Шын мәнінде, халықаралық қауымдастық су қауіпсіздігін қамтамасыз ету және климаттың өзгеруіне қарсы күресу үшін бірлесу өрекет етуі керек. Қазақстан осы мәселеге басымдық береді.

Қазақстан орналасқан жері, экономикалық әлеуеті және қазіргі геосаясат ахуалы тұрғысынан алғанда, өлемнің көптеген мемлекеті үшін стратегиялық маңызды бар ел саналады. Бізбен байырғы серіктестеріміз ғана емес, сонау Африка құрлығындағы мемлекеттер де достық қатынас құруға мүдделі. Батыста, жалпы жер жүзінде Қазақстанды орта держава деп атайды. Әрине, бұл мәртебенің салмағы да ауыр. Біз, ең алдымен, халықаралық

аренадағы іс-өрекеттерімізге жауапкершілікпен қарап, қазіргі заманың аса күрделі мәселелеріне келгенде, сұйдарлы ұстанымда болуымыз керек. Сондықтан Қазақстан «барша адамзаттың ортақ құрылымы» еш балама жоқ әрі өмбебап ұйыммен саналатын Біріккен Ұлттар Ұйымын қашанда жақтайды.

Сонымен бірге Мемлекет басшысы ретінде ішкі саясат мәселелерімен күнделікті айналысамын. Бұл – өте маңызды жұмыс. Сондықтан менің қызметімде сыртқы саясатқа басымдық беріліп кетті деген пікір дұрыс емес.

– Ақыры, Біріккен Ұлттар Ұйымы туралы айтылған соң, бір тосын сұрақ қоюға рұқсат етіңіз. Әлеуметтік желіде Сіз 2026 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымын басқаруыңыз мүмкін, соған байланысты өлімізге кезектен тыс Президентті сайлауға өтеді деген қауесет тарап жатыр. Осы қауесеттің негізі бар ма?

және жазғы уақытқа ауыстыруға өрес болмау қажеттігі айтылған. Дегенмен азаматтарымыз өтініш білдіріп жатыр. Үкіметтің шешіміне қатысты ашық талқылаулар жандана түсті. Меніңше, қоғамда көзқарас қайшылығы тудыратын мұндай мәселелерді мұқият талқылау қажет. Сондықтан Парламентте ғалымдардың, сарапшылардың және аймақ өкілдерінің қатысуымен қоғамдық тыңдау өтті. Тараптар уақыт белдеуін ауыстырудың ел экономикасына және азаматтардың тұрмысына өсері жөніндегі барлық пікірді ескере отырып, 1 наурызға дейін жан-жақты зерттеу жүргізуге уағдаласты. Содан кейін нақты ұсыныстар әзірленді. Парламент пен Үкімет бұл мәселені байланып зерделеп, ортақ әрі дұрыс шешімге келетініне сенімдімін.

– Сіз былтырағы сұхбатыңызда «Дербестікке және қосымша өкілеттікке ие болуға ұмтылаан Үкімет қазааның алды. Бірақ алмақтың да салмағы бар», олар өздеріне қоыйлатын талап та күшейетінін түсінуге тиіс» деген едіңіз. Үкіметтің жаңа құрамы жасақталғанына, міне, 11 ай өтті. Меніңше, бұл – белгілі бір пайым жасауға жеткілікті мерзім. Министрлер кабинетінің жұмысына көңіліңіз тола ма?

экономиканың тұрақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз ету, нақты секторды қарқынды дамыту, өңбек өнімділігін арттыру және тұрақты жұмыс орындарын көптеу ашу.

Ашығын айтсам, экономист басшылардың қазіргі жұмысын орташа деп бағалаймын. Олар халықаралық қаржы институттарының тілімен әдемі сөйлейді, алайда нақты нәтижеге бар шаруа шамалы болып тұр. Қазір өңірлердегі ахуалды және экономиканың іс жүзінде қалай жұмыс істейтінін жақсы білетін, яғни жергілікті жерде өңбек етіп, ысылған мамандар қажет. Былтыр 17 желтоқсанда Премьер-Министр Олжас Бектеновпен кездескенде осы мәселені талқыладық.

– Был Қаңтар оқиғасына 3 жыл толды. Содан бері көп нәрсе айтылды. Өзіңіз де бұл мәселеге егжей-тегжейлі тоқталдыңыз. Оны былтырағы сұхбатта да тілге тиек еттіңіз. Осыған қатысты өткір сауалдарға қайта-қайта жауап беру оңай емес. Дегенмен бұл тақырыпты айналып өте алмаймыз. Ел ішінде «Қаңтар оқиғасының құпиясы толық ашылған жоқ» деген пікір бар. Бұған не айтар едіңіз? Ондай қасірет қайталанбауы үшін не істеу қажет?

Үкіметтің міндеті – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және азаматтардың әл-ауқатын жақсарту. Жалпы алғанда, Министрлер кабинеті бұл міндетін орындап отыр. Экономиканы өртарапандыру, өңдеу өнеркәсібіні дамыту, инфрақұрылымды жаңғырту сияқты бағыттар бойынша былтыр атқарылған жұмыстың нәтижелері жаман емес. Алайда бәрі мінсіз деуге келмейді, проблемалар да бар.

Мен министрлерден неғұрлым тиімді жұмыс істеді және шешім қабылдағанда батыл болуды үнемі талап етемін. Қоғам да Үкіметтің жұмысына жоғары талап қояды. Бұл – өте орынды әрі қалыпты жағдай. Сондықтан Үкіметтің жұмысы нақты нәтижеге орай, әділ бағаланады. Басты көрсеткіш – азаматтардың тұрмыс сапасы. Экономикадағы жетістіктер адамдардың күнделікті өміріне оң әсерін тигізбесе, оны өңшейін сөз жүзіндегі жетістік деуге болады.

Қаңтар оқиғасынан үш жыл өткенде азаматтарымыздың көпшілігі өлімізде бұрын-соңды болмаған осы дүрбелең көлеңкесіне өлеуметтік әділетсіздіктің, саяси тоқыраудың, сондай-ақ қаскөйлердің шектен тыс мәнменділігін және олардың халық пен мемлекет тағдырына немқұрайлы қарауының кесірінен орын алғанына өбден көз жеткізді. Әкінішке қарай, бұл – өлем тарихы үшін қалыпты жағдай. Мұндай жайттар Қазақстандағы оқиғаға дейін де болған, кейін де бола береді деп ойлаймын.

Жуық арада Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтеді. Сол кезде жылды қорытындылап, қазіргі мәселелерді талқылап, жаңа жоспарлар жасаймыз. Қазақстанға экономиканың 4 пайыздық өсімі аздық ететіні анық. Бұл туралы шетел өкілдеріне де айтып жүрмін. Үкімет экономиканың барынша дамыту үшін тың тәсілдер табуға тиіс.

Қаңтар туралы түрлі долбарға толы алып қаша өңгімелер толастай түр. Оның үстіне, белгілі бір саяси өсебі бар, сынражақ ұстанымдағы кейбір адамдар деректерді бұрмалап, азаматтардың көңіл күйін өз пайдасына бейімдеуге тырысады. Төртін орнатуға және ахуалды тұрақтандыруға қатысты батыл шаралар қабылданған соң, мен қузырлы органдарға Қаңтар оқиғасының мән-жайын толық әрі шынайы тергеп-тексеру туралы тапсырма бердім. Тергеу ашық жүргізілді. Кылмыскерлер жазасын алды. Парламентте біздің арғы-бергі тарихымызда бұрын-соңды болмаған арнайы тыңдау ұйымдастырылды.

– 2024 жылдың қараша айында теңгенің долларға шаққандағы бағамы 500-денасып кетті. Оны белгілі бір психологиялық жеке деуге болады. Ұлттық валюта бағамының тұрақсыздығына нарықтағы түрлі фактор өсер ететіні түсінікті. Дегенмен мұндай қаржы-валютасаясаты қаншалықты орынды? Бұл жағдай экономикалық реформаларды жүзеге асыруға бөгет болмай ма?

Алғашқы парламенттік тыңдау Қаңтар оқиғасынан кейін үш айдан соң, ал екіншісі бір жылдан кейін өтті. Тыңдау барысында мемлекеттік органдардың өкілдері ғана емес, құқық қорғаушылар да сөз сөйледі. Түрлі өлі-пкір ашық айтылды, жайсыз сұрақтар қойылды. Мұның бәрі тікелей эфирде көрсетілді, бұл процесс туралы өліміздің және шет мемлекеттердің бұқаралық ақпарат құралдары жарыса жазды. Білік халықтың көкейінде ешқандай күмән қалмауына мүдделі болғандықтан, мұндай қадамға саналы түрде барды.

Қазақстан өлем экономикасының ажырамас бөлігі болғандықтан, теңгеге сыртқы факторлар өсерін тигізбей қоймайды. Доллардың нығаюынан дамушы елдердің валютасы қысым көреді. Зер салып қарасақ, көптеген мемлекеттің валютасы қараша айынан өлдейкада бұрын өлсірей бастады. Ал теңгенің бағамы ұзақ уақыт тұрақтылығын сақтап тұрды.

Қаңтар оқиғасы туралы сөз болғанда, әр адам сол күндері көліктердің қирағанын, дүкендердің тонағанын, қаскөйлердің мемлекеттік ғимараттарды басып алғанын, сарбаздардың соққанын зиянғанын, қару-жарақтың ұрланғанын және әйелдердің зорлық-зомбылыққа ұшырағанын өсе алуы керек. Жауапкершіліктен жүрді айқаспастырақтардың шындыққа санаспайтын жалған ақпарат таратып, мемлекеттігімізге шынымен де қатер төнген сәтті жұрттың жадынан өшіру үшін өрекет жасауына жол бермеу керек. Абырды болғанда, азаматтардың көбі күріштен күрмекті айыра алмайды. Мемлекетіміздің тірегі – осындай көзі ашық, көкірегі ояу адамдар.

Біздің валюта бағамын қолдан ұстап тұру тәжірибесінен бас тартқанымызға біраз уақыт болды. Нарық факторларына байланысты өркін бағам қалыптастыру жолын таңдадық. Мен теңгені күшейту үшін өліміздің алтын-валюта қорын босқа ысырап ету орынсыз деп санаймын. Нарыққа қатысы бар кейбір құрылымдар теңге бағамын басқаруға қолайлы ету туралы ұсыныстар айтып жүр. Ұлттық банк пен Үкімет оның бәрін мұқият қарастырып жатыр. Мәселені зерделеген соң бұл бағыттағы ұстанымымызды өзгерту қажет пе деген сауалдың жауабы белгілі болады. Басты мақсат –

Бір нәрсе анық, сол кезде төртінсіздікті бастаған және төңкерісті ұйымдастырған адамдардың қимылына дереу тосқауыл қойып, батыл өрекет жасамағанда, қазір Қазақстан дербестігі мен өлемдігі өлдейкада шектеулі, мүдде басқа мемлекетке айналар еді.

МАҚСАТЫМ – ЭКОНОМИКАНЫ ЖӘНЕ ЕГЕМЕНДІКТІ НЫҒАЙТУ

Біз халықтың берекелі бірлігінің арқасында осы ауыр сынақтан сүрінбей өттік. Қаңтардағы оқиғадан беріміздің зор сабақ алғанымыз сөзсіз. Біріншіден, елдегі билік жұдырықтай жұмыла білуге тиіс, қосарланған билікке ешқашан жол берілмеуі қажет. Екіншіден, Президент – «Құдайдың жердегі көлеңкесі» емес, мемлекетті басқару үшін белгілі бір мерзімге сайланған мөңдешер ғана. Үшіншіден, жоғары мемлекеттік лауазымдарға үміткерлерді, соның ішінде күштік құрылым басшыларын мұқият іріктеу керек. Олар Отанымызға, яғни Қазақстан Республикасына адал болуға тиіс. Ең бастысы, «Заң мен тәртіп» қағидатын басшылыққа алып, ел бірлігін кезбей қарашығындай сақтап, өндіріс қағидатын барынша орындату керек. Бұл бағдарға қарсы шығатындар «демократиялық құндылықтар» деген желеумен қоғамға ірікті салып, түбінде қазақ мемлекеттігін жоюды көздейтіні айдан анық. Бұған еш көнуге болмайды. Заң үстемдігі – демократияның ең биік шыңы. Бұл мақсатқа жету оңай емес.

– Сіз Әділетті Қазақстанды құрып жатқаныңызды айтыңыз. Жалпы, әділдік дегенді қалай түсінесіз? Реформалардың түпкі маңызына неге деп ойлайсыз? Әділетті Қазақстан дегеніміз бәрін әлеуметтік тұрғыдан теңестіру ме, әлде әділ бәсеке жол ашу ма?

– Ең алдымен, әділдік барлық елде және барлық заманда халықтың қалауы болғанын айта кеткен жөн. Мұның Қазақстанға да қатысы бар. Жоғарыда айтқанымдай, қасіретті оқиғаға дейін бізде әділдік деңгейі өте төмен болғаны рас.

Әділдік – бәрін теңестіру деген сөз емес. Менің ел байлығым әділ бөлу туралы ұстанымым меншік иелерін мүлкінен түгел айырып, активтерді қайта бөлу дегенді білдірмейді. Біз іштен ірге және жүгенсіздіктің белең алуына екеп соқтыратын мұндай жолмен жүрмейміз. Сондықтан кезінде баз біреулерге орынсыз берілген артықшылықтар мен жеңілдіктерді алып тастау, заңсыз алынған активтерді мемлекетке қайтару – популистік қадам емес, керісінше, әділдік қағидасы негізінде Қазақстанды жаңғырту стратегиясы.

Әділетті мемлекет дегеніміз – құқықтарды мемлекет. Онда азаматтардың бәрі заң алдында тең болады, заңдарды, ережелерді және нормаларды қатаң сақтай отырып, жалпыға бірдей мүлкіндіктерді толық пайдалана алады. Айтпақшы, заңсыз алынған қаржы және басқа да активтерді қайтаруға қатысты жұмыстың нәтижесінде 2022 жылдан бері мемлекет қазынасына 2 триллион теңгеден астам (4,1 миллиард доллар) қаражат түсті. Бұл қаржы мектептер мен маңызды инфрақұрылым нысандарын салуға және өзге де әлеуметтік міндеттерді орындауға жұмсалып жатыр. Әділдік дегеніміз осы емес пе?

– Сіз тұңғыш президенттің қызметін, оның елге сіңірген тарихи еңбегін әділ бағалау қажеттігін бірнеше рет айтыңыз. Көпшілік мұндай ұстанымның орынды екенін біртіндеп түсіне бастады. Жалпы, Нұрсұлтан Әбішұлымен жиі хабарласуыңыз туралы ба?

– Кез келген дәуірдің жақсы жағы да, көлеңкелі тұстары да бар. Біздің жаңа тарихымызда жарқын сәттер өлдеқайда көп болды. Бұл – ақиқат. Салыстырмалы түрде алғанда, қысқа мерзім ішінде мемлекеттіміздің берік тұғыры қалыптасты, билік институттары құрылды, жаңа астанамыз бой көтерді, шекаралық шегенделіп, заң жүзінде бекітілді. Көптеген елмен тіімді қарым-қатынас орнатылды, экономикаға шетелден инвестиция тартылды. Осы жетістіктің бәрін жоққа шығару дұрыс болмас еді. Біз әділетті мемлекет құрамыз десек, тарихи да, оны жасауға атсалысқан азаматтарға да әділ қарауымыз керек. Мұның бәрі, түптеп келгенде, ұлттың болашағы үшін қажет. Өткенді ой елегінен өткізіп, оны

әділ ері шынайы бағалай алмасақ, алға сеніммен қадам баса алмаймыз. Саяси ахуалдың иқпалымен өз тарихымыз көпе-көрнеу бұрмалай беруге болмайды. Ел шежіресін басынан бастап қайта жазу тіпті қауіпті.

Әрине, Нұрсұлтан Назарбаев ұзақ жыл бойы ел тізгінін ұстаған уақытта көмшіліктер болды. Бірақ ештеңе істемеген адам ғана қателеспейді. Ашығын айту керек, ол отставкаға кеткенімен, Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы болып отырған кезде саяси сыбайлықты сақтай бермейтін. Мұны да айта кеткен жөн. Үнемі Премьер-Министрді, Ұлттық банктің төрағасын, министрлерді, әкімдерді шақырып алып, жиналыс өткізетін. Бұған өз азаматтарымызды былай қойғанда, шетел басшылары мен дипломаттары да таңдана қарайтын. «Назарбаев қызметінен көткен соң тіпті жоғарылады, енді Президент те оған бағынады» деген әзіл өңгіме де пайда болды. Ал, шын мәнінде, бұл әзілдейтін жағдай емес еді.

Бұл жағдай қосарланған билік туралы алып қашпа еңгіменін өршуіне өкөп соқты. Шенеуниктер де кабинеттен кабинетке жүгіріп, кімнің тапсырмасын орындайтынын білмей дал болатын. Ол аз десеңіз, кейбір шенеуниктер «Елбасы институты Президент билігінен жоғары тұруға тиіс» деп, ақылға сыймайтын жағдайды заң жүзінде негіздеме болды. Нұрсұлтан Назарбаевтың 2021 жылғы қарашада өткен Astana Club жиналында 92 жастағы Махат-жир Мохаммадты мысалға келтіріп, өзінің Ақордаға қайтып келуі мүмкін екенін мәлімдеуін және бұрынғы президенттің сол жылы желтоқсан айында Санкт-Петербург қаласында өткен ТМД елдерінің саммитіне қатысуын нағыз билік дағдарысына өкөп соқтырған негізгі оқиғалар деуге болады. Соның алдында ғана жергілікті бір саясаттанушы оған «Елбасының алтын дәуірі» қалпына келтіру үшін батыл шаралар қабылдау қажеттігін айтып, ардагерлік сыйлық мазмұндағы хат жолдаған еді.

Алайда қазір парасатталық танытып, Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстанға сіңірген тарихи еңбегін лайықты бағалау керек. Мен Президент ретінде мемлекет мүддесін басшылыққа алуға, ел бірлігін бәріннен биік қоюға міндеттімін.

Сіздің сұрағыңызға келсек, қазір біз шамамен айына бір рет телефон арқылы сөйлесіп тұрамыз.

– Жақында тұңғыш президенттің Мәскеуге барып, Владимир Путинмен кездесуін жұртшылық сан-саққа жүгіртті. Биліктен кеткеннен кейін бес жылдан соң бұлай жүздесудің ақылау сыймайтын айтылымы. Қазақстанда алдағы уақытта Президент сайлауы өтеді-міс деген болжамдар да пайда болды. Мұндай кездесу кімге және не үшін қажет, бұған кім бастамашы болды? Сіздің пікіріңізді білсек.

– Нұрсұлтан Назарбаев пен Владимир Путиннің желтоқсандағы кездесуі өткен жылдағы екінші жүздесуі оғай деймін. Күз басындағы бірінші кездесу туралы бұқаралық ақпарат құралдарында айтылған жоқ. Олар байырғы достар өрі әріптестер ретінде жүздесетін болса керек, ортақ еңгімелері де бар шығар. Мұндай кездесулер әдетте Нұрсұлтан Әбішұлының бастамасымен өтеді. Ол үшін мұның маңызы зор. Бұрынғы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы, партия басшысы және егемен Қазақстанның президенті ретінде Нұрсұлтан Әбішұлының Кремльмен тығыз моральдық және саяси байланысы барын естен шығармаған жөн. Оның талай уақыты Мәскеуде өтті, сан мәрте исапарға барды, съезд және пленум отырыстарына қатысты, жұмыс бабымен және ресми сапарлармен де болды.

– Сіз «Заң мен тәртіп» қағидасы туралы жиі айтыңыз. Кейбіреулер мұны қоғамға «қылбұрау салу» деп қабылдап жатыр. Бұған не айтар едіңіз?

– «Заң мен тәртіп» қағидасы құқық қорғау саласына ғана арналған деп тұжырымдаған дұрыс болмайды. Мен бұл

қағиданы тереңірек түсінемін. «Заң мен тәртіп» – мемлекеттік құрылыстың басты қағидаты. Бұл ретте жазалау шараларын қолдану арқылы қоғамға жаппай бақылау орнату туралы айтып отырған жоқпыз. «Заң мен тәртіп» қағидаты – шын мәнінде кемел демократияның тірегі, құқықтық мемлекеттің негізі. «Заң мен тәртіпке» бағынбасақ, құқық нормаларына құрметпен қарамасақ, Әділетті Қазақстанды құрып, оны өркендеген мемлекет ете алмаймыз.

Сондықтан біздің міндетіміз – бұл қағидаты еліміздің құндылықтар жүйесіне барынша кіріктіріп, халық болмысының, қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналдыру. «Заң мен тәртіпті» берік орнықтыру үшін көп уақыт пен күш-жігер қажет екенін түсінемін. Себебі бәрі бірдей бұл қағидатты қаған ұстануға, оны өмір салтына айналдыруға әлі дайын емес. Бірақ талаптанған адам қалайда мұратына жетеді.

– Талағардағы қылмыстық оқиға ел ішінде үлкен дүрбелең туғырды. Жұртшылық Сіздің осы жағдайға қатысты пікіріңізді білсіз келеді.

– Қайталап айтамын, елімізде «Заң мен тәртіп» қағидаты маңызды орынға тұты. Мен Талғар оқиғасына дейін жарияланған Жолдауымда құқық қорғау органдарының қылмыспен қарқашылықты тамырына балта шабуы талап өттім.

Қаңтар оқиғасы кезіндегі жаппай төртіншілік қылмыстық топтар жасағанын естен шығармаған жөн. Мемлекет ұйымдасқан қылмыспен ымырасыз күрес жүргізуге шамасы жететінін соңғы екі жылда анық көрсетті. Аса қауіпті қылмыстық топтар өшкереіліп, құрылтылып жатыр. Олардың сыбайластары мен қаржы кездері де анықталып отыр. Былтыр 246 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Оның ішінде ұйымдасқан қылмыстық топтардың 30 басшысы бар. Бұл жұмысты мен ерекше бақылауда ұстап отырмын.

Талғардағы оқиғадан кейін құқық қорғау органдары қажетті шаралардың бәрін қабылдады. Құдіктілер қамауға алынды. Тергеп-тексеру жұмыстары аяқталуға жақын. Көп ұзамай осы іске қатысты сот болады. Бұл оқиғаға орай құзырлы органдар қабылдаған барлық шара заң талаптарына толық сәй келеді. Ал басқаны бәрі – құр дақырт пен төріс пиялыға кейбір топтардың осы жағдайға саяси сипат беруге деген ұмтылысы ғана. Бұған жол беруге болмайды.

Осы оқиғаға қатысы бар азаматтар бойынша мына мәселені еске салғым келеді. Қазақ халқы шетелден келген отандастарды «қандасым» деп, күшак жая қарсы алады. Тарихи Отанына оралғандар Қазақстанның заңдарына қатаң бағынып, қоғамдық тәртіпті сақтап, заңсыз әрекеттерден аулақ болуы керек. Олар бұрын өздері тұрған елде билікті талабын сақтап, ондай әрекет жасаған жоқ қой!

– Былтыр көптеген заңнамалық жаңалық болды. Қабылданған заңдардың ішінде қайсысы маңыздырақ деп ойлайсыз?

– Маңызсыз заң деген болмайды, заңның бәрі маңызды. Сауалыңызға жауап ретінде мен өзімнің Жолдауырымда және Ұлттық құрылтайдың отырыстарында бастамашылық етіп, қабылдануына түрткі болған бірқатар заңды атап өтейін. Ол заңдар қоғам өкілдерінің, сарапшылардың белсенде қатысуымен өзінгенді және сонымен маңызды. Осының өзі мемлекет пен азаматтық қоғамның заңнамаларды жетілдіру жолында тіімді серіктестік орната алатынын көрсетеді. Мысалы, Әйелдердің құқығын қорғауға және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған заң қабылданды. Бұл құжатта тұрмыстық зорлық-зомбылық сияқты, тұрасын айтқанда, мақсара әрекеттердің тамырына балта шабу көзделген. Әйелдер мен балаларға қатысты қандай да бір зорлық-зомбылық жасағандарға жаза күшейтілді. Оған қоса, жас балаларды өлтірген немесе зорлаған адам өмір бойы

бас бостандығынан айырылатын болды. Көмелетке толмағандарды басынып, мазақ қылғандар енді өкімшілік жауапкершілікке тартылады. Бұл талап алғаш рет заң жүзінде бекітілді.

«Келешек» атты бірыңғай ерікті жинақтаушы жүйенің заңнамалық негізін қалыптастыру үшін көп жұмыс атқарылды. Онда жинақталған қаржыны Қазақстанның және шетелдің колледждері мен жоғары оқу орындарында білім алу, сондай-ақ тұрғын үй алу үшін жұмсауға болады.

Азаматтардың үсті-үстіне несие алып, қарызға батуына жол бермеуді көздейтін заң қабылданды. Соған сәйкес несиесін 90 күннен артық уақыт төлей алмай жүрген адамдарға кәсіпкерлікке қатысу жоқ несие беруге тыйым салынды. Сондай-ақ адамдар несие алуға өзіне өзі тыйым сала алатын болды. Медицина қызметкерлерін құқықтық жағынан қорғау шаралары күшейтілді, оларға берілетін әлеуметтік кепілдіктер жақсарды. Балалар мен жастардың арасында жаппай тарап, нағыз індетке айнала бастаған вейпердті сатуға және таратуға тыйым салынды.

Есіртік өндiргенi үшiн берiлетiн жаза қатайды. Ондай қылмыс жасағандар 15–20 жылдан бастап өмір бойы бас бостандығынан айыруға дейін жазаланады. Есіртіккі белгілі бір жерге тығып кететін курьерлер мұндай қылмысты алғаш рет жасаса және өрекетінің салдары ауыр болмаса, 5 жылдан 8 жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

Лудоманиямен күреске қатысты заң күшіне енді. Құжатта букмекерлік көңселер мен тотализаторлардың жарнамасына дәуір шектеу қойылды, көмелетке толмағандарды құмар ойынына тартқаны үшін өкімшілік жауапкершілік белгіленді, аты-жөні борышкерлердің бірыңғай тізіміне енгізілген адамдардың құмар ойыны ойнауына тыйым салынды. Бұл шаралар талай шаңырақты шайқалдаған, адамдарды қылмыс жасауға, өзіне қол жұмсауға ітермелеген ойынқұмарлықтың таралуымен күресуге арналған.

Тағы бір маңызды заңнамалық жаңалық – бұзақылық және вандализм жасаған, бiреудiн мүлкін қасақана бүлдірген адамдарға берілетін жаза қатайды. Мұның бәрі қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және заң талаптарына бағынатын азаматтардың құқығын қорғау тұрғысынан маңызды. Сонымен бірге заңнамалық толықтырулардың нәтижесінде 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап қылмыстық, өкімшілік және азаматтық істер бойынша үш дәрбес кассациялық сот жұмыс істей бастайды. Осылайша, азаматтар мемлекеттік органдар тарапынан бұзылған өз құқықтарын қорғай алады.

Былтыр көптеген маңызды заңнамалық бастамалар жүзеге асырылды. Алайда заңның қабылдануы істің басы ғана, сол заңдардың іс жүзінде жұмыс істеуі одан өлдеқайда маңызды екенін түсіну керек. Бұл ретте, заң талаптары қоғамның суранысына сай болса ғана сақталады. Сондықтан біз биыл да халықтың үміті мен мүддесін және елімізді дамыту жолындағы басымдықтарды негізге ала отырып, құқық қорғау жүйесін жетілдіру жұмыстарын жалғастырамыз.

– Сіз реформалардың үздіксіз жалаасатынын бірнеше рет айтыңыз. Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің алашқы форумында елімізді одан өрі жақырту үшін тың бастамалар көтеріліп, шешімдер қабылданатынын аңаерттыңыз. Бұл қандай бастамалар? Саяси реформалар жалааса ма?

– Соңғы бес жыл бойы жүргізілген реформалар – азаматтарымыздың негізгі суранысы мен мемлекеттің ұзақ мерзімге арналған мүддесіне негіздеп отырып мұқият ойластырылған стратегия. Оның саяси астары жоқ.

Негізгі саяси реформалар жасалып бітті. Оның бәрі қоғамда жан-жақты талқылауын, ақырында көпшіліктің қолдауына ие болды. Соның арқасында негізгі саяси

институттардың бәрі ашық өрі тіімді бола түсті, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік және тежемелік жүйе күшейді, өң бастысы, азаматтардың саяси өмірге белсенді араласу мүмкіндігі өдәуір артты.

2022 жылғы маусым айында өткен референдумның нәтижесінде Конституция баптарының үштен бірі жаңағын қаперге сала кетеді. Мұның өзі реформаның қаншалықты ауқымды екенін көрсетеді. Қазіргі таңда көптеген реформа іс жүзінде жүзеге асырылып жатыр.

Біздің бағытымыз айқын, мақсатымыз белгілі. Соған сәйкес, алғашқы нәтижелер де бар. Бірақ реформа – ұдайы жүретін үдеріс. Қоғамда нақты сураныс болса, жаңа реформалар өзгертледі. Реформалар елді өркендету ісінің ажырамас бөлігі болған, бола да береді.

Мен халыққа Жолдауымды жариялағанда мемлекетімізді одан өрі дамытуға қатысты тың бастамалар ұсынамын. Ұлттық құрылтайдың отырыстарында азаматтардың көкейіндегі өзекті мәселелерге баса назар аударып жүрмін. Биыл да солай болады.

– Қазақстанды парламенттік басқару жүйесіне көшіру үшін іргелі реформа дайындалып жатыр деген ақпарат тарады. Шынмен солай ма?

– Әрине, парламенттік басқару жүйесі де жұмыс жүргізуге қақылы. Бұл жұмыс Еуропадағы, тіпті Азиядағы бірқатар елде өбден орынғып, тамырын тереңге жайған. Бірақ биліктің өмбепак формуласы жоқ. Әр мемлекет саяси жүйесін таңдаған кезде төл тарихына, ұлттық болмысына, саяси тәжірибесіне сүйенеді. Менің аппаратым өлдемдік тәжірибені мұқият зерделеп жатыр. Посткеңестік елдерде парламенттік басқару жүйесі жақсы қырынан көріне алған жоқ деген пікірге келіссіз де ойлаймын. Грузиядағы соңғы оқиғалар осы пайызға нақты дәлел бола алады.

Мемлекеттік биліктің саяси жүйесін таңдау – айрықша жауапты шешім. Мұндай шешімдер үркерді топтың онаша басқосуында емес, тек қана жалпыхалықтық референдумда қабылдануы керек. Менің «Күшті Президент» – ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» атты тұжырымдама Қазақстанның саяси жүйесіне өң қолайлы тұжырымдама екеніне сенімдімін. Бірақ оны толығымен жүзеге асыру үшін біз өзі талғамыз істеуіміз керек. Президенттік басқару тәсілі Қазақстан үшін қазір де, тәуір кезеңде де өң ұтымды тәсіл деп сенемін.

Мемлекетіміздің тұрақты өрі орнықты дамуына зияны тиетін шешім қабылдауға менің де, сіз бен біздің де еш қақымыз жоқ. Мұндай мәселеге байланысты қателікке жол беруге болмайды. Түптеп келгенде, Конституцияға енгізілген өзгерістің бәрі – Парламентің реформалануы, ауыл, аудан және қала өкімдерінің сайлауы. Ұлттық құрылтайдың құрылуы және, өң бастысы, заң үстемдігінің басымдыққа айналуы – осының барлығы саяси тоқырауға ұшырамауға сенімді кепілдік береді.

– Елімізде мерзімінен бұрын парламент сайлауы бола ма? Бұл туралы қазір жиі айтыла бастады.

– Мұндай болжамдар бар екенін білемін. Бұл ақпарат өдей тартылып жатыр деп ойлаймын. Біздің елде жаңа Үкімет жұмысына кірскен бетте оның отставкаға кететіні туралы өңгіме тарайды. Парламент туралы да дәл солай деуге болады. Мен Парламент депутаттары азаматтық және саяси жауапкершілік танытып, жақсы жұмыс істеп жатыр деп ойлаймын. Ал Үкімет – ауыс-түйсікке бейім құрылым. Оның құрамында түрлі жағдайға, оның ішінде «Amanat» партиясының және Парламенттегі басқа да партиялардың ұстанымына байланысты өзгерістер болуы мүмкін.

МАҚСАТЫМ – ЭКОНОМИКАНЫ ЖӘНЕ ЕГЕМЕНДІКТІ НЫҒАЙТУ

Жалғасы, басы 1,2,3 беттерде.
Меніңше, Парламент сайлауын мерзімінен бұрын өткізуге өзге еш негіз жоқ. Сайлау заңда белгіленген мерзімдерге сәйкес өтеді. Парламент өзіне тиесілі мерзім аясында қызметін атқаруға құлықты. Ал Үкімет бекітілген бағдарламалар мен жоспарларға сәйкес әрекет етіп, оң нәтижеге жету үшін жұмыс істеп жатыр. Стратегиялық міндет – тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету, еліміздің өңірдегі көшбасшы мәртебесін нығайту.

– Әркім өзінің жеке басының жағдайына қатысты мәселелерге көбірек мән береді. Таяу арада азаматтардың талап-тілегіне, қалауына сәй келетін қандай жобалар қолаға алынбақ?

– Біздің реформаларымыздың, экономиканы дамыту үшін қабылдап жатқан шараларымыздың бәрі азаматтардың ел-ауқатын жақсартуды, тұрмыс сапасын арттыруды көздейді. Басқа мақсат жоқ, бұл – Үкіметтің ең басты міндеті.

Былтыр жазда 2029 жылға дейінгі Ұлттық инфрақұрылым жоспары қабылданып қаріңгізе сала кеттік. Онда жалпы инвестиция көлемі 40 триллион теңгеден асатын 200-ден астам жобаны жүзеге асыру қарастырылған. Был ұзындығы 636 шақырым болатын «Достық – Мойынты» темір жолының екінші желісі салынып бітеді. Бұл жоба еліміздің көлік-транзит инфрақұрылымын түбегейлі өзгертеді. Осы бағыттағы темір жолдың жүк тасымалдау мүмкіндігі 5 есе артады, контейнер пойыздары жүкті бұрынғыдан едәуір жылдам жеткізетін болады. Бір айта кетерлігі, мұндай ауқымды жоба алғаш рет өз жобалаушыларымыздың, инженерлеріміз бен құрылысшыларымыздың күшімен жүзеге асырылды. Сондай-ақ Алматы бекетін айналып өтетін темір жолдың құрылысы аяқталады. Бұл жоба Алматы темір жол торабына түсетін салмақты едәуір азайтып, жүк жеткізу мерзімін қысқартады. Жолаушылар тасымалының сапасын арттыру үшін вагондар жаңартыла береді. Бұл үлгі энергетика саласында жалпы қуаты 600 мегаваттан асатын ірі жобалардың жүзеге асыру жоспарланған. «Жасыл энергетика» саласы да зор серпінге ие болады. Шетел инвесторларымен жел, күн және су электр стансаларын салу туралы келісімдеріміз бар.

Теніз көнішін көпестіккен кеңейту жобасының құрылысы аяқталды. Мұнай өңдеу, мұнайгаз-химия саласын дамыту ісіне баса назар аударылады. Атап айтқанда, Ақтау битум зауытының өндірістік қуаты арта түседі. «Талдықорған – Үшарал» магистралды газ құбыры, «Жаңаөзен – Ақтау» газ құбырының төртінші желісі, сондай-ақ Атырау облысындағы автоматтандырылған газ тарату стансасы пайдалануға беріледі.

Машина жасау саласын дамыту жұмыстары да жалғасады. Әлемге әйгілі брендтерге тиесілі автокөліктер құрастыратын жаңа өндіріс орындары іске қосылады. Қостанайда іштен жану қозғалтқышына жақетті шойын құймалар және жетекші белдемнің бөлшектері шығарыла бастайды.

Экономиканың дамуына зор серпін беретін ірі инфрақұрылым нысандарын салуға Ұлттық қордың қаражатын жұмсауға болады, дұрысы, жұмсау қажет деп санаймын. Бұл қор ақына шетелдің қаржы институттарында қатпал-шотпал сақтау үшін емес, осындай мақсаттарға жұмсау үшін қурылған жоқ па?!

Мемлекет тұрғын үй құрылысы саласын одан әрі дамыту, баспаналарды қолжетімді ете туу үшін шаралар қабылдайды. Кезекте тұрған азаматтарды жалға берілетін тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін тиісті жұмыс жалғасады. 2029 жылға дейін жыл сайын 10 мың адам осындай баспанана ие болады деп жоспарланған. Мен жақында тұрғын-үй саясатына қатысты түйетулер енгізілген заңға қол қойдым. «Отбасы банкi» баспанана мұқтаждарды «бір терезе» қағидаты бойынша тізімге алумен және оларға баспанана бөлумен ай-

налысатын толыққанды даму институтына айналды.

Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту мәселесіне де баса назар аударылады. Ауылдағы денсаулық сақтау жүйесін жаңғыртуға арналған ұлттық жобаның аясында ауылдық жерлерде медицина нысандарын салу жұмыстары жалғасады. Елімізде 460 мың оқушыға арналған 217 жайлы мектеп салу жоспарланған. Оның 105-інің құрылысы аяқталды. Мақсатымыз – апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқытатын мектептер мәселесін, сондай-ақ мектептегі орын ташылығына қатысты түйтілдерді толығымен шешу.

Бірау бұрын 2025–2027 жылдарға арналған Республикалық бюджет қабылданды. Құжатта әлеуметтік бағыт басты басымдық ретінде сақталды. Онда денсаулық сақтау, білім беру саласына және әлеуметтік қажеттіліктерге өте қомақты қаржы қарастырылған.

– Цифрландыру ісін қолаға алып, жасанды интеллектің енгізілсе, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту мүмкін емес екені қазіргі өзінде түсінікті. Еліміз болашақта осы салада не істей алады?

– Азаматтарымыз мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметтерді цифрландыру ісін артқылықтарын жақсы біледі. Электронды үкімет сайтындағы қолжетімді қызметтердің тізімі үнемі толықтырылып келеді. Біркітен Ұлттар Ұйымының рейтингінде Қазақстан Е-governent-ті дамыту көрсеткіші бойынша әлемде 24-ші орын иеленді. Бұл – теуір нәтиже, бірақ оған тоқмелісіп, арқаны көңге салуға болмайды. Көрсеткіштерді барынша жақсарту керек. Мен мұны Үкіметке жиі айтып отырамын. Бұдан бөлек, еліміздегі банктер де адамдардың күнделікті тұрмыс-тіршілігін едәуір жеңілдеті түсу үшін өздерінің цифрлық көзүйесін қалыптастырып жатыр.

Қазақстаннан экспортталатын IT-қызметтер саны артып келе жатқаны көңіл қуантады. Astana Hub табысты жұмыс істеп тұр. Бұл технопарк бір жарым мыңнан астам компанияның басын біріктіреді. Оның үштен біріне жуығы – шетелдік компания. Осылайша, еліміз жаһандық цифрлық көшпенділер үшін қолайлы мемлекетке айналып келеді.

Қазақстан Еуразия кеңістігінде ең ірі цифрлық хабтың бірі бола алады. Оған мүмкіндігіміз толық жетеді. Ол үшін жасанды интеллект технологияларын дамыту керек. Болашағы зор жобалар қазіргі өзінде бар. Мысалы қазақ тілінің KazLLM атты цифрлық тіл моделінің алғашқы нұсқасы жасалды. Бұл – қазақ тілінде ойлап, сарптама жасап, қазақша сөйлесе алатын жасанды интеллект. Осы бағыттағы жұмыстар жалғаса береді.

Жыл соңына дейін жасанды интеллектің Aem.AI атты халықаралық орталығы ашылады. Бұл орталық инвестиция тарта-тын, әлемдік тәжірибені және инновацияларды енгізетін орынға айналуы керек.

Таяу жылдарда жасанды интеллект өте қарқынды дамып, жұрттың өмір туралы ұғымын, тіпті тұрмыс-тіршілігін де түбегейлі өзгертетін ескерген жөн. Милы машиналар, яғни интеллектті жағынан адамды оң орайтын роботтар пайда болатын күн әлем емес. Оның үстіне бұл роботтар эмпатияға, яғни сезіну және эмоция білдіру сияқты адамға тән қасиеттерге ие болады.

Жастарға мектептерде, колледждер мен жоғары оқу орындарында жасанды интеллект технологияларын қолдана білуді үйрету маңызды. Былтыр еліміздің 15 университетінде Google компаниясының жасанды интеллект жөніндегі курстары енгізілді. Осы саланың мамандарын даярлау үшін арнайы бағдарлама өзінше мәселесі псықталып жатыр (AI-Sana).

Нейрожүйелердің пайдасы ушан-теңіз болғанымен, одан туындайтын қауіптер де бар. Мысалы, алаяқтар фото-бейнежазбалар жасап, адамның дауысын келтіру үшін де соны пайдаланады. Сондықтан көптеген

мемлекет жасанды интеллект технологияларының қолданылу аясын зақмен реттеуге кірісті.

Біздің депутаттарымыз да жасанды интеллект туралы заң өзінше керек деп бастама көтерді. Осы маңызды жұмыспен тиянақты түрде, мұқият айналысу қажет. Жасанды интеллектті жауапкершілікпен қолдану қағидаларын жасап, оның этикалық мәселелерін жаңа-жаңа ойландыру керек. Бірақ осы саланы реттегенде жасанды интеллекттің шектеуі емес, керісінше, оны дамыту жағына мән берілуге тиіс. Бұл технологияларды кеңінен қолданыса өңгізу орасан зор мүмкіндіктерге жол ашады. Оны қалт жібермей, игілікке жарату қажет.

– Сіз бизнесіңіз қолдау мәселесіне ерекше мән бересіз. Инвесторлармен, кәсіпкерлермен кездесесіз. Еліміздегі кәсіпкерліктің даму үрдісіне көңіліңіз тола ма?

– Мен инвестиция және бизнес саласындағы ахуалды жақсартуға, кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға айрықша назар аударамын. Қүзегі Жолдауында Үкіметке осыған қатысты нақты тапсырмалар бердім. Былтыр сәуірде кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасау үшін бизнесті жүргізу мәселесіне қатысты заң қабылдадық. Қазір мемлекеттік бақылау жүйесін ретке келтіріп жатырмыз. Бұрынғыдай заңсыздықтарды тексеруге емес, оның алдын алуға көбірек басымдық беріліп отыр. «Басынан бастап реттеу» тәсілі енгізіліп жатыр. Кейбір экономикалық қылмыстар қылмыс санатынан шығарылды, экономикалық құқық бұзушылықтың 29 түрі бойынша жауап алу жазасын қолдануға тыйым салынды. Мұның бәрі кәсіпкерлердің мүддесі үшін жасалды.

Мемлекет субсидия, жеңілдетілген несие және көпідендірілген қарыз беру арқылы шағын және орта бизнеске қолдау көрсетіп отыр. Шағын және орта бизнестің ел экономикасындағы үлесі үздіксіз артып келеді. Бүгінде осы бизнестің өкілдері 4,3 миллион адамға, яғни еңбек етіп жүрген азаматтардың тең жартысына жуығына жұмыс тауып беріп отыр. Сондықтан кәсіпкерлік бастамалар ел экономикасының негізгі қозғалушы күшіне айналып келеді деп сеніммен айтуға болады.

Мемлекет ірі бизнесті де дамытуға мүдделі. Осындай кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігі де, жергілікті қауымдастықтармен ұзақ мерзімге арналған серіктестік қатынас орнатуға деген құлшынысы да зор. Бұл – қуанарлық жағдай. Мемлекет пен бизнестің ықпалдасығы арқылы көптеген әлеуметтік мәселе шешімін тауып жатыр.

Қазақстанда өз жұмысына жаңа технологияларды өңгізіп жүрген озық ойлы кәсіпкерлердің жаңа буыны пайда болды. Мұндай кәсіпкерлер әлемдік бәсекеге түсуге де қабілетті. Қазір шетелдік бизнестің Қазақстанда өз өкілдігін ашып жатқаны да көңіл қуантады. Бұл жағдай отандық нарыққа халықаралық сипат беруге, еді бәсекең күшейтуге және экономиканы әртарапталдыруға ықпал етеді. Осы орайда, Үкімет жанынан құрылған Инвестициялық штаб «бір терезе» қағидатына сәй әрекет етіп, шешімдер қабылдап, өзіне жүктелген міндетті толық атқарып жатқанын атап өткен жөн.

Мемлекеттің инвестициялық ахуалды жақсарту жолындағы жұмысы жемісін беріп жатыр. Жақында Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия мен Тынхық мұхит елдеріне арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясы инвестиция жөніндегі баяндамасын жариялады. Онда Қазақстанның 2024 жылы жаңа жобаларға 15,7 миллиард доллар көлемінде тікелей шетел инвестициясын тартқаны көрсетілген. Бұл оның алдындағы жылмен салыстырғанда 88 пайызға артық. Біз Солтүстік және Орталық Азиядағы ең жоғары көрсеткішке қол жеткізіп отырмыз. Аймақтағы шетел инвестицияларының үштен екісіне жуығы, яғни 63 пайызы Қазақстанның өңішінде.

Мен бизнес өкілдерімен, инвес-

торлармен алдағы уақытта да кездесетін боламын. Олардың жасалмас бастамаларын қолдаймын. Үкімет пен барлық мемлекеттік органдардан да осыны, яғни бизнеске құлақ асып, онымен үйлесімді жұмыс жүргізуді, болашағы зор жобаларға қаржы салатын кәсіпкерлер мен инвесторларға қолдау көрсетуді талап етемін. Бизнеске мүлде қысым көрсетілмеуі керек. Шенеуіңкер мен күштік құрылымдардың қызметкерлерін мұндай әрекеттері үшін жазалап жатырмыз, алдағы уақытта да жауапкершілікке тартатын боламыз. Ал кәсіпкерлер алаяқтық жасамай, заң аясында жұмыс істеуге тиіс.

– Қоғамда сыбайлас жемқорлық туралы жиі айтылады. Оған қарсы белсенді күрес жүргізіліп жатқанын көріп отырмыз. Жалпы, шенеуіңкердің ұсталғаны туралы түрлі ақпараттар елімізде жемқорлық өршіп тұраңдай әсер қалдырады. Шынымен де солай ма?

– Сыбайлас жемқорлықпен жүйелі түрде күресу – аса қажетті жұмыс. Бұған еш күмән жоқ. Мемлекет жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылық фактілерін анықтау ғана емес, жемқорлықтың алдын алу үшін жұмыс жүргізіп жатыр.

Қазақстан жемқорлыққа қарсы күрес жолында ең озық халықаралық стандарттарды, соның ішінде Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы енгізіп жатқан талаптарды басшылыққа алады. Бұл – өте жоғары талап, біз соған сәй болуымыз керек. Бұған қоса, мен сыбайлас жемқорлықпен күресуге жауапты мекеменің басшыларына науқаншылдыққа салынбай, байыпты шешімдер қабылдау қажеттігін үнемі айтып отырамын. Өйткені әрбір шешімнің артында адам тағдыры тұр.

Ал шенеуіңкердің ұсталғаны туралы ақпараттың жиі шығуы биліктің абыройына белгілі бір деңгейде нұқсан келтіргенімен, мемлекеттің ашық жұмыс ететінін көрсетеді. Бірақ мұндай қадамсыз «Заң мен тәртіп» қағидатына негізделген әділетті мемлекет құру мүмкін емес.

– Қазақстан мен Ресейдің арасында ежелден тығыз экономикалық және мәдени-гуманитарлық қатынас орныққан. Былтыр қараша айында Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді. Бұл сапар біздің елде де, шетелде де жұрттың жіті назарында болды. Сондағы келіссөздердің нәтижесін қалай баалайсыз?

– Ресей Президентімен өткізген келіссөздер аса мазмұнды болды. Біз сауда-экономика, көлік-логистика, энергетика, мәдениет, білім беру және басқа да салалардағы ынтымақтастық мәселелерін жан-жақты талқыладық. Астанаға Ресей Үкіметі мүшелерінің жартысына жуығының келуі Ресей үшін Қазақстанның стратегиялық маңызы жоғары екенін көрсетеді.

Келіссөздердің нәтижесі туралы көп жазылды, көп айтылды. Еуралы, біраз дүние ақпарат құралдарына шыққан жоқ. Владимир Путин мен бейресми жағдайда төрт сағат өңгімелестік. Бұл кездесуде екі жақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүмкіндік туды. Сондай-ақ өңгіме барысында халықаралық проблемалар бойынша өзара түсіністігіміз бекемделді түсті. Мен Қазақстанның көп жақты саясатының менін ашық айтып, Ресеймен стратегиялық серіктестігімізді және одақтастық қарым-қатынасты дамыту туралы ұстамымыз берік екенімізді жеткіздім.

Президент Путин – тәжірибелі мемлекет қайраткері. Ол Қазақстанның ерекшелігін және Орталық Азия аймағындағы ең ірі экономикасы бар маңызды ел екенін жақсы түсінеді. Сондықтан Ресей біздің өлмен сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарын нығайту үшін белсенді жұмыс жүргізіп жатыр. Басқаша болуы да мүмкін емес. Себебі екі ел арасын құрлықтағы ең ұзын үздіксіз

шекара қосып жатыр.

Владимир Путиннің шетелге сапарының өң көбі біздің елге жасалғаны, яғни оның Қазақстанға 33 рет келгені де көп жайттан хабар береді. Бұдан бөлек, біз телефон арқылы сөйлесіміз, халықаралық форумдар аясында кездесеміз. Бір сөзбен айтқанда, үнемі хабарласып отырамыз.

Мұның бәрі Қазақстанға да, Ресейге де қажет. Өйткені бұл екі ел басты рөл атқаратын Еуразия кеңістігіндегі тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін керек.

– Сіз Атом энергетикасына қатысты референдум кезінде ақпарат құралдарының алдында сөз сөйлеп, атом электр стансасын салуға озық технологиясы бар шетел компаниялары тартыла бастады. Халықаралық консорциум құрылатын болды. Үкімет қай компанияларға басымдық беретінін айқындай ма?

– Владимир Путиннің Астанаға сапары кезінде бұл мәселе де талқыланды. Жобаға тапсырыс беруші ретінде Қазақстан жағы Консорциумда бас оператор болады деп уағдаластық. Атом стансаларын салуға байланысты шетелдерде тәжірибесі мол, білігі жоғары «Росатом» компаниясының жобаға қатысуы мүмкін екені айтылды. Сондай-ақ Қытайдың азаматтық мақсатта қолданылатын ядролық нысандар салу ісіндегі зор жетістіктері ескеріле отырып, осы елдің компаниясымен де келіссөз жүргізіліп жатыр. Жобаға басқа да мемлекеттердің, оның ішінде Батыс елдерінің корпорациялары қызығушылық танытып отыр.

Быыл конкурстық рәсімдер өткізіледі. Содан кейін Үкімет түпкілікті шешім қабылдайды. Қазақстанға қуатты атом стансасы қажет екені анық, мен бұған сенімдімін. Оған қоса, таяу арада екінші, тіпті үшінші атом электр стансасын салуымыз мүмкін екенін жоққа шығармаймын. Ядролық өнеркәсіп саласы қазіргі өзінде энергетика ташылығына тап болып отырған экономикамызды өркендетуге зор серпін береді. Қазақстан ядролық энергетикасы дамыған елге айналуы қажет деп санаймын. Оның болашағы зор.

– Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің елімізге жасаған мемлекеттік сапары өткен жылдың таяғы бір маңызды оқиғасы болды. Сондағы келіссөздердің басты нәтижесі қандай? Ақпарат құралдарында Төраға Си екеуіңіздің ел үкіметтеріне өзара сауда айналымын екі есе арттыру жөнінде міндет жүктенгендеріңіз айтылды. Бұл қол жеткізуге болатын мекеме?

– Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің біздің елді жақсы білетінін, қазақ халқына іптіпатпен қарайтынын атап өткен жөн. Біз екі жақты қарым-қатынасқа, өңірлік және халықаралық ахуалға қатысты барлық мәселені емен-жарқын талқыладық. Ешқандай көзқарас қайшылығы жоқ. Қытай үшін Қазақстан – аса маңызды стратегиялық серіктес. Қарқынды өрі жан-жақты дамып келе жатқан қазақ-қытай ынтымақтастығы, шын мәнінде, мәңгі стратегиялық серіктестік деңгейіне жетті. Мұның Қазақстан мүддесіне сәй келетіні сөзсіз.

Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапары кезінде Төраға Си Цзиньпин Қытайдың елімізге ешқандай зиянын тигізбейтінін, біздің егемендігіміз бен тәуелсіздігімізді барынша қолдайтынын атап өтті. Бұл – өте маңызды мәлімдеме.

Қытаймен жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту қазақ дипломатиясындағы маңызды міндеттің бірі болып қала береді. Бұл мемлекет – Қазақстанның негізгі сауда серіктесі, сондай-ақ экономикамыздағы ең ірі инвестордың бірі. Өзара сауда айналымын екі есе арттыруға барлық мүмкіндік бар. Ең бастысы, екі ел басшыларының саяси өрік-жігері жеткілікті. Сондықтан аталған мақсатқа жетуге әбден болады.

МАҚСАТЫМ – ЭКОНОМИКАНЫ ЖӘНЕ ЕГЕМЕНДІКТІ НЫҒАЙТУ

Жоғары деңгейдегі диалог 2025 жылы да жалғасады. Төраға Си Цзиньпин «Орталық Азия – ҚХР» саммитіне қатысады деп жоспарланып отыр. Оның Қазақстанға алдағы сапары, сондай-ақ биыл күзде Қытайда өтетін келіссөздер екі елдің сан салалы ықпалдастығын одан әрі нығайтуға септігін тигізеді деп сенемін.

— Сіз желтоқсанның басында Дональд Трамп пен телефону арқылы сөйлестіңіз. Соңғы айларда сарапшылар оның Ақ үйге екінші рет келуі Американың саясатына және әлемдегі ахуалға қалай әсер ететініне қатысты түрлі пікір айтып жүр. Осы орайда қазақ-америка қатынасы тау жылдарда қалай өрбейді деп ойлайсыз? Оған АҚШ-тың Қытаймен және Ресеймен күрделі қарым-қатынасы әсер етпей ме?

— Иә, Президент Дональд Трамп пен мазмұнды әрі ашық әңгіме болды. Ол Қазақстанға АҚШ-тың маңызды стратегиялық серіктес ретінде жақсы қарайтынын сеніммен айта аламын. Біз жоғары деңгейде жұмыс бабындағы байланыста боламыз деп уағдаластық. Трамп және оның командасы халықаралық саясатқа жаңа көзқарастар орнықтырып, тың тәсілдер енгізумен айналысады. Мұның бәрі әлемдегі ахуалға ықпал етері анық.

Мен қазақ-америка қарым-қатынасын нығайтуға өткен ғасырдың 90-шы жылдардың ортасынан бері атсалысып келемін. Өзара ықпалдастықты нығайту жолындағы отыз жылдан астам уақытта басымдықтарға, яғни сауда-экономика, инвестиция саласындағы ынтымақтастыққа, ядролық қаруды тартпау және қауіпсіздікті сақтау мәселелеріне қатысты ортақ ұстаным қалыптасты. Ақ үйдің жаңа басшылығымен бірлесіп атқарылатын жұмысқа да осы мәселелер арқау болады.

Телефонмен сөйлескенде Дональд Трамп Украинадағы әскери іс-қимылды тоқтатуға қатысты біздің пікірімізді сұрады. Бұл — мен үшін тың тақырып емес. Өйткені 2024 жылы мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың көптеген басшысы менен осы жөнінде сұраған болатын. Ерекше жағдай қалыптасып отыр: Ресей әскери тұрғыдан жеңілмеді, ал Украина Батыстағы одақтасарының көмегімен соғыста беріспей, тым болмағанда жеңіліп қалмаудан үміттеніп отыр. Сондықтан бұл мәселенің айрықша күрделі екенін, оның шешімі қақтығысып жатқан екі ел басшыларының ерік-жірігіне және әлемдік держава көшбасшысы ретінде Трамптың өзінде де байланысты екенін айттым. Қазақстан Украинада әскери іс-қимыл басталған сәттен-ақ бейбітшілік орнату үшін келіссөздер жүргізу қажеттігін айтып келе жатқанын атап өттім.

Біз еш жерде ара ағайын атауға өзіміз сұранып, ұтымдымайтынмызды қадап айтуға тиіспіз. Халықаралық аренада Қазақстанның әлеуеті мен мүмкіндіктеріне қарай әрекет жасаймыз. Бірақ халықаралық мәселелердің шешілуіне жәрдемдесуге ардаймыз дайынбыз. Әрине, халықаралық аренадағы күрделі ахуал біздің белгілі бір елдермен сауда және саяси қарым-қатынасымызға салқынын тигізеді. Сондықтан біз сыртқы үрдістердің жағымсыз ықпалын азайтуға тырысамыз. Қазақстан мүдделі мемлекеттердің бірімен өзара тиімді прагматикалық байланыс орнатуды көздейді.

— Түркі елдері ынтымақтастығының аясы үздіксіз кеңейіп келеді. Былтыр Қазақстан Түркі мемлекеттері ұйымының төрағасы ретінде бауырлас елдердің байланысын бекемдеуге едәуір үлес қосты. Түркі әлемінің алдағы ықпалдастығы жолында Қазақстан қандай рөл атқарады деп ойлайсыз?

— Қазақстан Түркі мемлекеттері ұйымының бастауында болды. Осы ұйымға мүше елдер — біздің көшіріміз әрі маңызды геосаяси серіктестеріміз.

Біз төрағалық еткен кезде саяси және сауда-экономикалық, көлік-логистикалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы

ынтымақтастықты кеңейтуге баса мән бердік. Бірқатар ауқымды жобаны жүзеге асырдық, 80-нен астам іс-шара ұйымдастырып, нақты нәтижеге қол жеткіздік. Астанада V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтті. Оқу орындары мен академиялық құрылымдардың, шығармашылық зиялы қауым өкілдерінің арасында тығыз байланыс орнады. 2021 жылы түркі әлемінің рухани астанасы болып жарияланған кене Түркістан қаласы халықтарымыздың достығын нығайту ісінде айрықша рөл атқарады.

Соңғы 10 жылда Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің арасындағы алыс-беріс айтарлықтай артты. 2024 жылы өзара сауда-саттық көлемі 45 миллиард доллардан асты. Елдеріміз Транскаспий халықаралық көлік дәлізінде маңызды рөл атқарады. Біз энергетика, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, цифрландыру салаларындағы ықпалдастықты күшейтуді көздеп отырмыз.

Қазақстан осы ұйымның төрағасы ретінде «TURKTIME!» ұранын ұсынды. Бұл аббревиатура өзара қарым-қатынастың дәстүр (Traditions), унификация (Unification), реформалар (Reforms), білім (Knowledge), сенім (Trust), инвестиция (Investments), медиация (Mediation) және энергия (Energy) сияқты сегіз басымдығын білдіреді. Осы басымдықтарды Түркі мемлекеттері ұйымы ғана емес, бүкіл түркі әлемі қызығушылықпен қабыл алды. Қазақстан түркі дүниесі біріктіруді көздейтін барлық жасампаз бастаманы қолдайды. Ресейдің «Алтай» — түркілердің алтын бесігі» атты тұжырымдамасына да жақсы қарайды. Еліміз түркі халықтары арасындағы байланысты нығайту, сондай-ақ ортақ тарихи-мәдени бай мұрамызды насихаттау ісіне алдағы уақытта да атсалыса береді.

— Сіз бұған дейін шетелдік сарапшылар мен дипломаттар Қазақстанды орта держава деп атап бастағанын айттыңыз. Орта державаға қандай рөл атқарады және осы мәртебеге ие болаан Қазақстан не істей алады?

— Мен бұған қатысты пікірімді ел ішінде де, шетелдерде де айттым. Қазір халықаралық қатынастар жүйесі кері кетіп барады, тіпті құлдырай түсті деуге болады. Түркісаясат күшейіп, ірі державалардың бірін-бірі айыптауы белең алды. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі қауқарсыз болып қалды. Осындай қиын халықаралық ахуалға көптеген мемлекет, соның ішінде Қазақстан да алаңдап отыр. Бұл — орында алаңдаушылық. Себебі қалыптасқан жағдай ол елдердің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына мүмкіндік бермейді.

Бүгінде барынша әділ өлем қалыптастыруға деген сұраныс өте жоғары. Осы тұрғыдан алғанда, орта державалар халықаралық сенім дағдарысын және жауапкершілігі жоғары жаһандық көшбасшыларға деген талшылықты өңсеру жолында маңызды рөл атқара алады деп ойлаймын.

Орта державалар күш-жігерін жумылдырып, жанжалдасып жатқан геосаяси орталықтардың арасында жаңа әрі мықты дәнекер бола алады. Сол арқылы халықаралық текетірісті қызуын бәсеңдетеді. Мен орта державалар үшін дәл осындай шақ туғанына сенімдімін.

— Былтыл Жеңістің мерейлі белесін атап өттіміз. Басқа да көптеген мемлекет сияқты, Қазақстан үшін де бұл датаның символдық мәні зор. Осыған орай қандай іс-шаралар жоспарланып отыр?

— Биылғы мемлекеттік іс-шаралардың ішінде Ұлы Жеңістің 80 жылдығы ерекше орын алады. Қазақстандықтар нацизмді талқандауға әлеулі үлес қосты. Біздің аталарымыз бен әкелеріміз барлық майданда жанқиярлықпен соғысты. Оның үстіне, Қазақстан өскерді қару-жарақпен, өнеркәсіп өнімдерімен және азық-түлікпен қамтамасыз ету ісінде маңызды рөл атқарған сенімді тыл болды.

Мен Ұлттық құрылтайдың Атыраудағы отырысында Жеңістің мерейлі белесін атап өтуге дайын-

далу қажеттігін айттым. Сол кезде жарияланған бастамаларымыз қазірдің өзінде жүзеге асты. Мысалы, «Айбын» орденінің үш дәрежесі әйгілі батырларымыз Сағадат Нұрмағамбетовтің, Бауыржан Момышұлының және Рақымжан Қошқарбаевтың есімімен аталатын болды. Қазақстанның әуе қорғанысы күштерінің 604-ші әуе базасына әйгілі ұшқыш, Кеңес Одағының екі мәрте батыры Сергей Луганскийдің есімі берілді. Элия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың Хиуаз Доспанованың ешпес ерлігін міндетті түрде жадымызда жаңғыртамыз.

Жеңісті мекелеуге арналған жоспарда көптеген іс-шара қамтылған. Оның ең бастысы — Астанада өтетін әскери шыр. Соғыс және тыл ардагерлеріне құрмет көрсетіледі, ешкім де елеусіз қалмайды. Концерттер мен көрмелер өтеді, деректі фильмдер мен бағдарламалар түсіріледі, тарихи кітаптар мен фотоальбомдар шығарылады. Жауынгерлеріміздің есімін ел жадында сақтау үшін зерттеу жұмыстары жалғаса береді. Б.Момышұлының — 115, М.Ғабдуллиннің — 110, Э.Молдағұлованың 100 жылдығы салтанатты іс-шаралар тізіміне кіреді.

Жеңістің билығы мәреkesi Қазақстанның бірде-бір азаматы бей-жай қалдырмайтынына сенімдімін. Өйткені біздің елде сұралып соғыстың зардабын тартпаған отбасы жоқ деуге болады. Соғыста қаза тапқандарды ұмытпау, қаһарман ерлеріміздің рухына тағзым ету, ел ішінде бейбітшілік пен тыныштықты сақтау — баршаға ортақ парызымыз.

— Тағы бір өзекті мәселе бар. Соңғы кезде қазақ тілінің қолданылу аясы едәуір кеңейді. Мемлекеттік тілде еркін сөйлейтін азаматтардың саны көбейді. Бұл қазақ тіліне деген сұраныстың арта түскенін білдіреді. Бұдан бөлек, шетелдіктердің де тілімізді үйренуге деген қызығушылығы күшейді. Қоғамда қазақ тілінің рөлі одан әрі артта түсуі үшін не істеу керек деп ойлайсыз?

— Иә, дұрыс айтасыз. Қазақ тіліне бәсекеге қабілеті және оны үйренуге деген қызығушылық барынша артып келеді. Ең бастысы, қазақ тілін білу сәнге айналып, жастарымыз оны меңгеруге ұмтылатын болды. Мемлекеттік тіл азаматтардың қызмет бабында өсуіне және табысқа жетуіне жол ашатын маңызды фактор саналады. Еліміздің бизнес өкілдері маркетинг саласындағы науқандарың қазақ тілінде сөйлейтін тұтынушылардың сұранысына қарай өткізілетін болды. Мұның бәрі мемлекеттің өте абай болуды қажет ететін ері саяси тұрғыдан маңызды саналатын осы саладағы саясаты тиімді жүргізіліп жатқанын көрсетеді.

Сөз арасында айта кетейін, дүние жүзінде 7 мыңнан астам тіл бар. Соның ішінде үш мыңнан астам тілге жойылып кету қауіп төніп тұр. Қазақ тілі бұл топқа кірмейді. Ана тіліміз 2024 жылы әлемде ең кең таралған тілдердің арасында 79-шы орынға тұрақтады. Осы ретте күрделі әрі қарама-қайшылыққа толы кеңес заманына ана тілімізді өлемдік лингвистика картасынан жойылып кетуден сақтап қалған зиялы қауым өкілдерінің, ақын-жазушылардың, журналистер мен ғалымдардың, мүгеделер мен мәдениет қайраткерлерінің, ауыл еңбеккерлерінің, яғни барша отанышыл азаматтардың еңбегін бағалауымыз керек.

Бұдан да жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін ғылым-білім саласындағы инфрақұрылымды жаңғырту, мектептер мен басқа да оқу орындарында қазақ тілін үйрету жүйесін жетілдіруге қоса оқытушылардың мәртебесін арттыру мәселесін де шешу қажет. 2023 жылы «Қазақ тілі» қоғамының бастамасымен құрылған арнаулы қорға қолдау көрсету керек. Цифрлық технологияларды қолдануға баса мән берген жөн. Өйткені қазақ тілінің алдағы тағдыры, еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеті көбіне осыған байланысты болады.

Шығармашыл жастар және креативті индустрия мемлекеттік тілді

дамыту ісіне пайдасын тигізе алады. Мемлекет экономикадағы болашағы зор осы саланың өркендеуіне барынша қолдау көрсетеді. Отандық және әлемдік нарықта қаржылық жағынан тиімді әрі сұранысқа ие болатын түрлі контентті қазақ тілінде жасау қажет. Бұл жерде әдебиет, музыка, кино, сериал және компьютер ойындары туралы айтып отырмын.

Ана тіліміздің болашағы жарқын екеніне менің еш күмәнім жоқ. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде халқымызды ұйыстыру жолында маңызды рөл атқара береді. Бірақ тіліміздің тұғырын нығайтамыз деп, оны басқа тілдерге, соның ішінде орыс тіліне қарсы қоймау керек.

— Сіз өз сөздеріңізде жастарға айрықша назар аударасыз. Қазақстан жастарының өзін-өзі дамытуына мол мүмкіндігі бар. Оларға барлық жол ашық деуге болады. Кейбір жастардың құмар ойына, есірткеге тәуелді болаынын немесе күні бойы еш мақсатсыз әлеуметтік желіде отырып, өлпін уақытын босқа өткізіп жатқанын көргенде қынжыласың. Жас ұрпақты саяси жауапкершілігі жоғары әрі жан-жақты дамыған азамат етіп тәрбиелеу үшін не істеу керек?

— Мен түрлі жиындарда жастарымыз туралы жиі айтамын. Өйткені олардың болашағын ойлап, шын жүректен тілеушілік білдіремін. Еліміздің тағдыры — жастардың қолында. Біз отанымыздың нақты ісімен көрсететін ері мәдениеті жоғары ұрпақ өсіруге міндеттіміз. Реформаның бәрін жастардың игілігі үшін жасап жатырмыз. Бұл — әншейін әдемі сөз емес, мемлекет стратегиясының түпкі мәні.

Бүгінгі жастар біздің жас кезімізге қарағанда әлдеқайда көп біледі. Қазіргі технология дәуірінде бұл — қалыпты нәрсе. Қазақстанда дарынды, білімді әрі мақсатына ұмтыла білетін қыз-жігіттер көп. Дәл сол себепті мен жастарға сенемін деп жалықпай айта беремін.

Бір ғана тілегім, ақыл-кеңесім бар: жас азаматтарымыз дүниетанымы тұрғысынан жасампаз, ойлау қабілеті жағынан сындалуы болуға тиіс, олар жақсы мен жаманның аражігін ажырата білуі керек. Жастарымыз халқымыздың болмысына жат идеялардың жетегінде кетпесе, күйзелсеік түспесе, нигилизмге бой алдырмай сәкен деп тілеймін. Олардың белсенді, тәртіпті, білімпаз, еңбекқор болғанын қалаймын.

Тәуелсіздік ұрпақтары қазірдің өзінде ғылым, спорт, бизнес, креативті индустрия және мемлекеттік қызмет саласында зор жетістікке жетіп жүр. Көбі өндірісте және ауыл шаруашылығында табысты еңбек етеді. Бұл ретте мен осы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялаймын. Біз еңбек адамының абырой-беделін көтеріп, еңбекқорлық, кәсібилік сияқты құндылықтарды дәріптеу үшін өлі талай шаруа атқаруымыз керек.

Экономиканың көптеген саласында жұмыс қолы жетіспейді. Жұмысшы мамандықтар мол әрі тез табыс табу тұрғысынан қызықтыра қоймауы мүмкін. Бірақ бұл мамандықтардың еңбек нарығында сұранысқа ие болатынына да, қоғамдағы мәртебесі жоғары болатынына да келіпдік бар. Мен кәсіпорындарды аралаған кезде жастарды жиі жолықтырамын. Олардың арасында жұмысшы әулеттерінің өкілдері көп екені көңіл қуантады. Мемлекеттің міндеті — жас мамандарға материалдық және моральдық жағынан көмектесу. Мен бұл шаруамен үнемі айналысамын.

— Жастарымыздың білім қуып немесе жұмыс іздеп шетелге шығуына қалай қарайсыз?

— Рас, бүгінде жастардың көбі білім алу немесе қызметте өсу үшін шетелге шығушы келеді. Бұл — жанданду үдерісінің бір өрешелігі. Оған түсіністікпен қараған жөн.

Біздің жастарымыз әлемдегі беделді университеттерде жақсы білім алып, тәжірибе жинап, дүниетаным көкжиегін кеңейте алады. Сондықтан мемлекет, әрине, шетелде оқуға кедергі жасамайды, керісінше, ондай

бастамаларға қолдау көрсетеді. Халықаралық «Болашақ» стипендиясы баршаға белгілі. Жас ғалымдардың шетелдегі ғылыми орталықтарда тағлымдамадан өтуіне жағдай жасалған. Бірқатар өмір студент алмасуы тұрамыз.

Жастардың көбісі біліктілігін көтеру немесе көбірек табыс табу үшін шетелге шығуы қалыпты нәрсе деп ойлаймын. Олар үйреншікті мекенін тастап, өмірін күрт өзгертуден қорықпауы керек. Тіршілікке бейім, ширақ болау тиіс. Өмір бойы бір ауылда немесе бір қалада тұрып, жарты ай жұмыста болғаны үшін біліктен жоғары жалақы талап ететін заман әлдеқашан келмесе кетті. Қазіргі жастар ондай болмауға тиіс. Қарым-қабілетің қай жерде қажетке жараса, сонда баруға тырысу керек. Баратын жерің ірі шаһар немесе басқа өңір, тіпті басқа ел болуы да мүмкін. Қазаққа «Жүргенге жәрдем ілінеді, жатқанға жан жуымайды» деген сөз бар.

Азаматтарымыз шетелде жүрсе де, халқымыздың салт-дәстүрі мен мәдениетін дәріптеп, еліміздің абырой-беделін арттыруға атсалысып, Отанына пайдасын тигізе алады. Қазақстан деген брендті әлемге таныту да маңызды миссияның бірі. Дегенмен шетелге шығу «Барсақелмеске» көту деуі сөз емес. Ұл-қыздарымыздың жаңа технологияларды меңгеріп, тәжірибе жинақтап, Қазақстанға оралғаны жөн. Елімізде аяғын жерге тигізбей, қағып өкететін салалар көп. Үкіметтің міндеті — олардың өз Отанында табысты еңбек етуіне жағдай жасау.

— Сұхбат бергеніңіз үшін ризашылық білдіремін. Бірақ айналып өте алмайтын тағы бір сұрағым бар. Сіз неге сұхбатты басқа ақпарат құралдарына емес, баспасөзге бергенді жөн көресіз?

— Газет-журнал оқу — жас кезімнен қалыптасқан дағды. «Ана тілі» газетінде де тұрақты оқып тұрамын. Мен мәліметті теледидеи, интернет, әлеуметтік желі сияқты сан-арна ақпарат көздерінен аламын. Бұдан бөлек, күн сайын түрлі мекемеден материалдар келіп түседі. Мен ақпарат көңісіңіңіңді үрдістерді жіті қадағалап отырамын. Жазбаша мәтіндердің мән-маңызын төмендетуге болмайды. Мәзірміңді баспасөз бөрібір мемлекеттік саясаттан хабар беретін маңызды ақпарат көзі болып қала береді.

Менің болмыс-бітімім талдау жасауға бейім. Сөйлейтін сөздерімнің, мәліметтерімнің, тіпті жолдайтын хаттарым мен жеделхаттарымның мәтінін де өзім мұқият қараймын. Мен редакцияланған кейін мәтіндер мүлде басқаша болып шығатынына аппарат қызметкерлері өбден үйренген.

Әрине, журналистермен әңгімелесуге өздері бастамашы болып, телераи тілшілеріне құлшына сұхбат беретін және өздерін жаңалықтардан көргеніне мез болып отыратын басшылар да бар. Өрікміңді өзіне жөн шығар.

Осы сұхбатты сіздердің басшыларыңызға беру арқылы еліміздің журналистиканың тірегі саналатын қазақ тіліндегі медиаға қолдау көрсеткім келді. Биылғы 22 наурызда «Ана тілі» газетінің жарыққа шыққанына 35 жыл толады. Алда келе жатқан мерейлі белестеріңіз құтты болсын! Осы уақытта газет жемісті жолдан өтті, өз ерекшелігі, тұрақты оқырманы бар белді әрі беделді басшымыз айналады.

Бүгін біз ең өзекті деген бірталай мәселені ашық талқылаудық деп ойлаймын. Жақсы сұхбат болды. Әдетте осындай ауқымды сұхбатта мемлекеттің қызметіне қатысты мұқият ойластырылған әрі маңызды мәселелер айтылады. Өткен жылға қорытынды жасалып, осы жылдың бағыт-бағдары айқындалады.

Шын мәнінде, бұл сұхбатты елге терең ой салу және билығы жұмысымызға тың серпін беру үшін отандастарыма жолдаған арнайы үндеуім деуге болады.

Әңгімелескен
Ерлан ЖҮНІС.

ТАҒАЙЫНДАУ

**ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР
БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ
ТАҒАҰЫНДАЛДЫ**



5 қаңтар күні аудан өкімінің міндетін атқарушы Достан Тасмағанбетов аудан активіне төтенше жағдайлар бөлімінің жаңа бастығы Асқар Ысмағұловты таныстырды. Аудан өкімдігінің отырыс залында өткен кездесуге Солтүстік Қазақстан облысы төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Дмитрий Растихин, аудандық сот төрағасы, аудан прокуроры, ұлттық қауіпсіздік комитетінің аудандық бөлімшесінің бастығы, аудан активі, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері қатысты.

Азаматтық қорғау полковнигі Ысмағұлов Асқар Ибадоллаұлы 1982 жылы 3 наурызда дүниеге келген. Білімі жоғары - 2004 жылы Қазақстан Республикасы ТЖА Көкшетау техникалық институтын аяқтаған. Білімі бойынша мамандығы - өрт қауіпсіздігі. Құқық қорғау органдарында 2000 жылдың 14 тамызынан бастап қызмет атқарады.

Әр жылдары Қызылжар ауданы № 10 өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы, бөлім бастығының орынбасары, СҚО ТЖД «Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі» ММ кадр жұмысы бөлімінің аға инспекторы, бас маманы, бастығы лауазымдарын атқарған.

Сондай-ақ СҚО ТЖД Кадр жұмысы бөлімінің бастығы, дағдарыс жағдайлары басқармасының жедел кезекшісі, мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бас маманы қызметінде болған.

Осы тағайындауға дейін СҚО ТЖД Кадр және тәрбие жұмысы басқармасының бастығы лауазымында еңбек еткен.

ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ

**«АРАЛАҒАШ» ШЕКАРА БӨЛІМШЕСІ -
ОБЛЫСТА ҮЗДІК ЗАСТАВА АТАНДЫ**



Жақсыны көзбен көрсен көңілге көркілі ой ұялайды. Возвышенка ауылында тұрған сақшылардың шекара бөлімшесіндегі тазалық пен реттілік, спорттық жаттығу алаңы, бабымен өсірілген ұлғар мен саялы ағаштар әскери ұжымда тәртіп пен талғам, талап пен жауаптылық бағын байқатады. Сөзін бұл шекара шебінде жүрген «Аралағаш» шекара заставасының сақшылары күні-күні қалтқысыз қызмет атқарудың арқасында 2024 жылдың қырымында бейбітшілік Солтүстік Қазақстан облысы бейбітшілік үздік шекара бөлімшесі деп танылды. Ал «Аралағаш» шекара заставасының бастығы, капитан Мұқаш Сағындық Төреханұлы Солтүстік Қазақстан облысы бейбітшілік үздік шекара заставасының бастығы атанды.

2002 жылы құрылған «Аралағаш» шекара бөлімшесі Возвышенка ауылында орналасқан. Бұл шекара заставасының жеке құрамы мемлекеттік шекараны қорғауда асқан қырағалық танытып, ел тыныштығын қорғауға өз үлестерін қосып келеді.

Бөлімшенің жеке құрамында екі офицер, 24 келісімшарт бойынша әскери қызметшілер бар. Олар шекара заставасына сеніп тапсырылған 80 шақырым шекара аумағын күндіз-түні күзетіп, ауа райының ешбір қиындығына қарамастан абыройлы қызмет атқарады.

– Мұндай жетістігіміздің бәрі командалық ынта-

жігермен атқарылған жұмыстың, келісімшартпен қызмет етіп жүрген жауынгерлер мен офицерлер сүбелі үлесінің нәтижесі. Біз бір мақсатқа қызмет етеміз, басты міндетіміз – тәуелсіз Отанымыздың шекара шебін қалтқысыз күзету. Бұл орайда бізге қаруластарымыз, отбасымыз, отандастарымыз айтарлықтай көмек көрсететінін айтпаққа болмайды. – дейді «Аралағаш» шекара заставасының бастығы, капитан Сағындық Мұқаш.

Қуаныш ЕЛЕМЕС,
«Аралағаш» шекара заставасы бастығының
орынбасары, лейтенант.

КӘСІПКЕРЛІК

БУЛАЕВТА «ДӘСТҮР» ДҮКЕНІ АШЫЛДЫ



5 қаңтар күні ауданымызда «Дәстүр» атты су жаңа дүкеніміз ашылды. Аудан тұрғындары мен қонақтарын тағы да қуанышқа бөлеп отырған жайы бар. Бұл дүкенді ашып, қолжетімді бағада жұртшылықты қуанып отырған Әлия Әбішева есімді тұрғынымыз.

Бұл күні дүкеннің ашылуына аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Сәуле Нұрқайдарова

Қаңтар айы ауданымыз үшін қуанышқа толы оқиғалардан бастау алды. Атап айтар болсақ, жаңа жылды ерекше тойлау, халықтың көтеріңкі көңіл күйі жылдағыдан да ерекше болып өтті десек, қате айтқанымыз болмас.

мен кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Әділжан Әлжанов аудан тұрғындарына қуаныш сыйлаған Әлия Қасымқызымен тілдесіп, дүкеннің ашылуымен құттықтап, жұмысына толағай табыс тіледі.


Айта кету керек бұл дүкенде кілемдер, маталар, ыдыс-аяқтар, қыз ұзатуға керек заттар мен тұсау кесерге керек жабдықтар, өдемі дорбалар, жайнамаздар, қыздарға арналған орамаллар, шапандар, ерлерге

арналған тақиялар, құдалыққа керек заттар қолжетімді бағамен сатылымға шығарылған.

«Мың рет естігенше, бір рет көр», - демекші, дүкенде көңілден шығатын тауарлар көп. Сол себепті де барша ауданымыздың тұрғындарымен қонақтарын «Дәстүр» дүкенінің құрметті қонағы болуға шақырамыз!

Қанат ӨТЕМҰРАТОВ.





Дүйсенбі, 13 қаңтар	Сейсенбі, 14 қаңтар	Сәрсенбі, 15 қаңтар	Бейсенбі, 16 қаңтар	Жұма, 17 қаңтар	Сенбі, 18 қаңтар	Жексенбі, 19 қаңтар
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӘДІГЕР».	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.10 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 АУЫЛДАСТАР.
06.30 «ИЖУ-МАРЖАН».	06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ.	06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ.	06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ.	06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 23.10 АҚПАРАТ.	06.30, 17.00, 00.15 АҚПАРАТ.	06.35 АҚПАРАТ.
07.00 «ТАՆШОЛРАՆ».	07.00 «ТАՆШОЛРАՆ».	07.00 «ТАՆШОЛРАՆ».	07.00 «ТАՆШОЛРАՆ».	07.00 «ТАՆШОЛРАՆ».	07.00, 02.10 КӨՆІЛ ТОЛҚЫНЫ.	06.55 «ДӘУІР ДАНАЛАРЫ», Д/Ф.
10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ.	10.10, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ».	10.10, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ».	10.10, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ».	10.10, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ».	10.00, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ».	07.45 М/Ф «АЛҒА».
12.10 АҮЙЛЕ ЖАЛҒЫЗ ҚАЛҒАНДА-5», Х/Ф.	12.10, 02.35 «ТАТУ-ТӨТТІ».	12.10, 02.35 «ТАТУ-ТӨТТІ».	12.10, 02.35 «ТАТУ-ТӨТТІ».	12.10, 02.05 «ТАТУ-ТӨТТІ».	12.00 ТАТУ-ТӨТТІ. 13.40 М/Ф «АЛҒА».	09.15, 01.10 АҚСАУЫТ.
13.35 М/Ф «АЛДАР КӨСЕНІН КӨНІЛДІ ОҚИНАЛАРЫ».	14.10 АҚОРДА.	14.25 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ.	14.30 «МҮЗДАҒЫ ҮНДЕСТІК».	14.10 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ.	15.10, 22.30 «НАБАТ ОПЕРАЦИЯСЫ», Х/Ф.	09.35, 01.30 ТЕЛЕДӨРГІЕР. 10.00, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ».
14.10 АПТА.	15.00, 21.25 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ».	14.50 АҚСАУЫТ.	14.50 АҚСАУЫТ.	14.45 ДАЛА ДӘМІ.	17.20, 00.35 ҚОС ПАЛАТА.	12.00 «ЗАМАҢДАСТАР».
15.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ».	16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ».	15.05 Т/Х «КОРШИННИ ҚЫЗЫ».	15.05, 21.25 Т/Х «ДОМАЛАК АНА».	15.05 Т/Х «ДОМАЛАК АНА».	17.40, 00.55 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ.	13.10 Т/Х «ЕРКЕБАЙ».
17.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...».	17.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...».	16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ».	16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ».	17.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...».	20.00 ЗАМАҢДАСТАР. 21.10	15.45 КОНЦЕРТ.
20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ.	20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ.	17.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...».	20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ.	20.30, 00.15 АШЫҚ АЛАҢ.	21.00 ШҚАЛДАЯКОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН КЕШ.	20.00, 00.05 АПТА.
21.25 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ».	21.25 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ».	21.25 Т/Х «ДОМАЛАК АНА».	21.25 Т/Х «ДОМАЛАК АНА».	21.25 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».	01.15 «ШАЛҒАЙДАҒЫ АУЫЛ».	20.50, 00.55 АҚОРДА.
22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».	23.15 1001 ТҮН.	22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».	22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».	22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».	01.40 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ.	21.00 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ.
23.10 1001 ТҮН.	01.35 «САНА».	23.15 1001 ТҮН.	23.15 1001 ТҮН.	23.45 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ.		22.20 «ТАҚИЯЛИ ПЕРИШТЕ», Х/Ф.
01.35 САНА.	04.10 «АУЫЛДАСТАР».	01.35 «САНА».	01.35 «САНА».	03.40 «АУЫЛДАСТАР».		02.20 КҮМІС КӨМЕЙ.
02.35 ТАТУ-ТӨТТІ.		04.10 «АУЫЛДАСТАР».	04.10 «АУЫЛДАСТАР».			03.05 АУЫЛДАСТАР.

Дүйсенбі, 13 қаңтар	Сейсенбі, 14 қаңтар	Сәрсенбі, 15 қаңтар	Бейсенбі, 16 қаңтар	Жұма, 17 қаңтар	Сенбі, 18 қаңтар	Жексенбі, 19 қаңтар
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ОЯН.	05.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ОЯН.	05.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ОЯН.	05.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ОЯН.	05.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ОЯН.	05.00 МАҢДАЙ ТЕР. 07.00, 00.00 КОНЦЕРТ.	05.00 МАҢДАЙ ТЕР. 07.00, 19.15 КОНЦЕРТ.
09.00 М/Ф «МОНСИКИ».	09.00 М/Ф «МОНСИКИ».	09.00 М/Ф «МОНСИКИ».	09.00 М/Ф «МОНСИКИ».	09.00 М/Ф «МОНСИКИ».	08.30 «ӨЗ ЕЛІМ».	08.30 ЖЕРҮЙІК.
09.30 Т/С «ЛЕСТНИЦА В НЕБЕСА».	09.30 Т/С «ЛЕСТНИЦА В НЕБЕСА».	09.30 Т/С «ЛЕСТНИЦА В НЕБЕСА».	09.30 Т/С «ЛЕСТНИЦА В НЕБЕСА».	09.30 Т/С «ЛЕСТНИЦА В НЕБЕСА».	09.05 КУЛЬТУРНЫЙ КОНЦЕРТ.	09.00 Д/Ф.
11.30 ТАМАША.	11.30 ТАМАША.	11.30 ТАМАША.	11.30 ТАМАША.	11.30 ТАМАША.	09.35 НЕОСЕТЬ.	09.30 М/Ф.
12.00 COVER SHOW.	12.00 COVER SHOW.	12.00 COVER SHOW.	12.00 COVER SHOW.	12.00 COVER SHOW.	10.00 М/Ф.	10.45 М/Ф «УПС... НОЙ УПЛЯ!».
13.00, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-2».	13.00, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-3».	13.00, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-3».	13.00, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-3».	13.00, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-3».	11.15 М/Ф «ПАНДА И КНИВ».	12.00, 23.15 «ГЕНИЙ МАТЕМАТИКИ», Х/Ф.
14.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП».	14.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП».	14.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП».	14.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП».	14.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП».	12.00, 21.45 «ВКУС СЧАСТЬЯ», Х/Ф.	14.00 COVER SHOW.
16.00, 23.15 Т/С «МАЖОР-3».	16.00, 23.15 Т/С «МАЖОР-3».	16.00, 23.15 Т/С «МАЖОР-3».	16.00, 23.15 Т/С «МАЖОР-4».	16.00, 23.15 Т/С «МАЖОР-4».	14.00 ҚЫЗЫҚ TIMES.	16.00 «ЖЫНЫМ СОЛ-2», Х/Ф.
18.00 PRESIDENT.	18.00 КӨЗҚАРАС.	18.00 КӨЗҚАРАС.	18.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА.	18.00 КӨЗҚАРАС.	15.30 «ЖЫНЫМ СОЛ», Х/Ф.	17.45 ТАМАША.
18.30 НОВОСТИ.	18.30 НОВОСТИ.	18.30 НОВОСТИ.	18.30 НОВОСТИ.	18.30 НОВОСТИ.	17.15 ТАМАША.	17.45 АСЫЛ ДОМБЫРА.
19.00 ӘЛЕУМЕТ.	19.00 ИТОГИ.	19.00 ТАЛҚЫ.	19.00 ИТОГИ.	19.00 ТАЛҚЫ.	19.00 COVER SHOW.	18.15 ОЙНАУ.
19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.	19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.	19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.	19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.	19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.	21.00 7 КҮН.	21.00 7 КҮН.
21.45 Т/С «ДОС ПЕН ДҮШПАН».	21.45 Т/С «ДОС ПЕН ДҮШПАН».	21.45 Т/С «ДОС ПЕН ДҮШПАН».	21.45 Т/С «ДОС ПЕН ДҮШПАН».	21.45 Т/С «ДОС ПЕН ДҮШПАН».	23.45 ОЙНАУ.	21.45 ҚЫЗЫҚ TIMES.
01.00 КР ӘНУРАНЫ.	01.00 КР ӘНУРАНЫ.	01.00 КР ӘНУРАНЫ.	01.00 КР ӘНУРАНЫ.	01.00 КР ӘНУРАНЫ.	01.00 КР ӘНУРАНЫ.	01.00 КР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 13 қаңтар	Сейсенбі, 14 қаңтар	Сәрсенбі, 15 қаңтар	Бейсенбі, 16 қаңтар	Жұма, 17 қаңтар	Сенбі, 18 қаңтар	Жексенбі, 19 қаңтар
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00 ТАМАША СІТУ. 07.00, 19.00	06.00 ТАМАША СІТУ. 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ- ШОУ.	06.00 ТАМАША СІТУ. 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ- ШОУ.	06.00 ТАМАША СІТУ. 07.00, 19.00	06.00 ТАМАША СІТУ. 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ- ШОУ.	06.00, 02.45 ТАМАША СІТУ. 08.10, 02.00 «П@УТИНА».	06.00, 02.30 ТАМАША СІТУ.
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!	08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!	08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!	08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!	08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!	09.00 ҚАЙМАҚ. 09.30 М/Ф.	08.00, 01.45 «П@УТИНА».
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!	09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!	09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!	09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!	09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!	10.20 «ТАЙНА МАРИН», Х/Ф.	08.50 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ.
10.15 Т/С «ЗАВТРА БУДЕТ ВСЕГДА».	10.10 «АРБАТСКИЕ ТАЙНЫ».	10.10 «АРБАТСКИЕ ТАЙНЫ».	10.10 «АРБАТСКИЕ ТАЙНЫ».	10.10 «АРБАТСКИЕ ТАЙНЫ».	13.45 «БОЛЬШЕ, ЧЕМ ВРАЧ», Х/Ф.	09.00 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ.
14.00, 01.25 НОВОСТИ.	13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ.	13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ.	13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ.	13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ.	17.15 ТОЧЬ-В ТОЧЬ.	09.50 «32-Е ДЕКАБРЯ», Х/Ф.
14.15, 01.35	14.00, 01.25 НОВОСТИ.	14.00, 01.25 НОВОСТИ.	14.00, 01.25 НОВОСТИ.	14.00, 01.40 НОВОСТИ.	19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ.	11.30 Т/С «ТАЙНА МАРИН».
ЖАҢАЛЫҚТАР.	14.00, 01.25 НОВОСТИ.	14.15, 01.35 ЖАҢАЛЫҚТАР.	14.15, 01.35 ЖАҢАЛЫҚТАР.	14.15, 01.55 ЖАҢАЛЫҚТАР.	20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР.	15.00 «ЖИЗНЬ ТОЛЬКО НАЧИНАЕТСЯ», Х/Ф.
14.30 QOSLIKE.	14.15, 01.35 ЖАҢАЛЫҚТАР.	14.30 QOSLIKE.	14.30 QOSLIKE.	18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.	20.30 ЗАҢ МЕН ЕЛ.	18.20 «ЛОБИТ - НЕ ЛЮБИТ», Х/Ф.
18.30, 02.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.	18.30, 02.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.	18.30, 02.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.	18.30, 02.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.	20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.	20.55 «КТО Я», Х/Ф.	20.00 АНАЛИТИКА.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.	20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.	20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.	20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.	20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE».	00.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	20.45 Т/С «СКОЛЬКО СТОИТ СЧАСТЬЕ».
20.35 Т/С «ДЕЛЬФИН».	20.35 Т/С «ДЕЛЬФИН».	20.35 Т/С «ДЕЛЬФИН».	20.35 Т/С «ДЕЛЬФИН».	20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.00 Т/С «ДЕЛЬФИН».		00.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.
00.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	20.35 Т/С «ДЕЛЬФИН».	00.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	00.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	02.05 «П@УТИНА».		
01.50 П@УТИНА.	00.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	01.50 П@УТИНА.	01.50 П@УТИНА.	03.00 ЕҒ АЛҒАШҚЫ.		
03.00 ЕҒ АЛҒАШҚЫ.		03.00 ЕҒ АЛҒАШҚЫ.	03.00 ЕҒ АЛҒАШҚЫ.			

Жалпы адамзаттың жақсылығына сену - адамгершіліктің ең биік белгісі.
Мағжан ЖҰМАБАЕВ.



САЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ҚОРҒАНШЫЛАР МЕН ҚАМҚОРШЫЛАРДЫҢ МӘРТЕБЕСІН ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ЖАҢА ЦИФРЛЫҚ СЕРВИС ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

eGov.kz порталында қорғаныштық және қамқоршылық туралы анықтамаларды сұрауға мүмкіндік беретін жаңа цифрлық сервис іске қосылды. Бұл қызмет жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қамқоршылары туралы ақпаратты алу процесін жеңілдетеді.



Қызмет пайдаланушыларға мемлекеттік органдар мен уәкілетті тұлғалар үшін қамқоршы мәртебесін онлайн растауға мүмкіндік береді. Анықтаманы алу үшін сұрау жіберу жеткілікті және оны міндетті түрде қамқоршы растауы керек. Барлық деректер автоматты түрде мемлекеттік дерекқорлардан жүктеледі, бұл процестің жылдамдығы мен ашықтығын қамтамасыз етеді.

Қызметті пайдалану үшін:

- eGov.kz порталында авторизациядан өтіп «Азаматтарға» - «Көлік және коммуникациялар» - «Коммуникациялар» бөліміне өту қажет;
- Үшінші тұлғалардың анықтамаларды алу сервисі» бөлімін тандап, «Онлайн сұрау» батыр-

масын басу керек;
- ЖСН-ді енгізіп, «Қамқоршылық және қорғаныштық туралы анықтама беру» қызметін таңдау қажет;

- қажетті өрістерді толтырып, аймақты таңдап, «Сұрау салу» батырмасын басу керек.

Осыдан кейін қамқоршыға сұранысты растау үшін 1414 нөмірінен SMS хабарлама келеді. Сонымен қатар, сұраныс туралы хабарлама пайдаланушының eGov.kz порталындағы жеке кабинетінде көрсетіледі. Қауіпсіздік пен дербес деректердің қорғалуын қамтамасыз ету үшін процесте хабарлама алынған сәттен бастап, екі сағат өткен соң аяқталады.

Қамқоршы сұранысты растаса, анықтама өтініш берушінің жеке кабинетінде «Қызметтер алу тарихы» бөлімінде қолжетімді болады. Егер қамқоршы сұраныстан бас тартатын болса, мәртебе бетінде оның себебі көрсетіліп, жеке кабинеттің «Кіріс» бөлімінде тиісті хабарлама пайда болады.

Жаңа сервис ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қорғаныш қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бірлескен жұмысының арқасында іске асырылды.

ШЕТЕЛГЕ ШЫҒУҒА ТЫЙЫМ САЛУДЫҢ БАР-ЖОҒЫН ЖЕДЕЛ ТЕКСЕРУҮШІН EGOV.KZ ПОРТАЛЫ МЕН EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫН ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАДЫ

Шетелге сапар жоспарлаған кез келген адам өз жоспарына ешқандай кедергі болмайтынына сенімді болғысы келеді. Алайда, түрлі қарыздар шетелге шығуға шектеу қоюға себеп болуы мүмкін. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін азаматтар елден шығуға тыйым салудың бар-жоғын eGov.kz порталы немесе eGov Mobile қосымшасы арқылы жедел тексере алады.

Шетелге шығу құқығын шектеудің негізгі себебі – қарыздардың болуы. Оларға төленбеген салықтар, айыппұлдар, алименттер, коммуналдық қызметтер бойынша қарыздар, сондай-ақ тиісті құжаттық растауы бар жеке немесе заңды тұлғалар алдындағы қарыздар жатады.

eGov.kz порталында сервисті пайдалану үшін:

- «Азаматтарға» - «Азаматтық, көші-қон және иммиграция» - «Шетелге шығу» бөлімін таңдау керек;
- «Шет елге шығуы шектелген, борышкерлер тізімі және атқару өндірісі бойынша борышкерлер тізілімі бойынша шет елге шығуға тыйым салынғандығының бар болуын тексеру» қызметін таңдап, «Онлайн сұрау» батырмасын басу қажет;

- ЖСН/БСН-ды енгізіп, «Ары қарай» батырмасын басу керек;
- мәртебелік бетте сұранысты қарау нәтижесімен танысу қажет.

eGov Mobile қосымшасында сервисті пайдалану үшін:
- eGov Mobile қосымшасына кіріп және авторизациядан өтіп, «Қызметтер» - «Саяхат, шетелдегі өмір және эмиграция» бөлімін таңдау қажет;

- «Шет елге шығуы шектелген борышкерлер тізімі және атқару өндірісі бойынша борышкерлер тізілімі бойынша шет елге шығуға тыйым салынғандардың бар болуын тексеру» қызметін таңдау керек;
- ЖСН/БСН енгізіп, «Тексеру» батырмасын басу керек;

- тексеру нәтижесімен танысу қажет. Шетелге шығуға шектеулер қарыз сомасы



40 АЕК-тен асқан жағдайда немесе сот тиісті өндіріп алу туралы қаулы шығарған болса алимент төлемдерінің мерзімі 3 айдан асып кеткен жағдайда қолданылады. Сотпен бекітілген сот орындаушысының қаулысы ҚР ҰҚК Шекара қызметіне жіберіледі, олар шекарадан өту мүмкіндігін бұғаттайды.

Қызмет тегін көрсетіледі және жеке тұлғаларға да, заңды тұлғаларға да қолжетімді. Сондай-ақ, шетелге шығуға тыйымның бар-жоғын Ақпараттық және құқық қорғау органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі АІЖО ААЖ арқылы «Шетелге шығуға тыйым салу» бөлімінен тексеруе болады.

Қызмет ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қорғаныш қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ, ҚР Әділет министрлігінің бірлескен жұмысының нәтижесінде іске қосылды.

Жайнағұл СЕЙДАХМЕТОВА.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің негізгі қызметтерінің бірі – мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасындағы заңнама талаптарының бұзылуына жол бермеу, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру болып табылады.

ҚҰҚЫҚТАРДЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ – БАСТЫ НАЗАРДА

Ағымдағы жылы Департамент қызметкерлерімен 10-нан астам қызмет алушылардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Соның ішінде, Департаментке Көкшетау қаласының тұрғыны «Азаматтарға арналған Үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалымен «Жобаланатын жер учаскесін жылжымайтын мүліктің бірінші мемлекеттік кадастры ақпараттық жүйесінің графикалық деректерімен келісу» мемлекеттік қызмет аясында ұсынылған жобаланып отырған жер учаскесі координаттарының сәйкес келмеуіне келіспейтіні туралы шағым білдірді.

Өз кезегінде, Департамент шағымды объективті және жан-жақты қарау үшін жоспардан тыс тексеру өткізді және маңызды бар құжаттарға құқықтық талдау жүргізді. Тексеріс барысында мемлекеттік қызмет алушының ұсынылған жобаланып отырған жер учаскесінің координаттары Жылжымайтын мүліктің бірінші мемлекеттік кадастры ақпараттық жүйесінің графикалық деректері бойынша басқа жер учаскесімен қабаттасқаны анықталды. Нәтижесінде, Департаменттің көмегімен, жылжымайтын мүліктің бірінші мемлекеттік кадастры



ақпараттық жүйесінде сәйкестікке келтірілді.

Осылайша, қызмет алушыға жобаланып отырған жер учаскесінің координаттарын салыстырып, сәйкестік актісі берілді. Қызмет алушының заңды мүддесі қалпына келтіруге жәрдем көрсетілді.

Бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерді қалпына келтіру Департаментте ерекше бақылауда. Мемлекеттік қызметтерді алу кезінде сұрақтар туындаған жағдайда азаматтар Департаментке «eGovKzBot2.0» платформасы арқылы немесе 30-01-62 телефонына хабарласа алады.

Ержан ҚАРЫМСАҚОВ,
Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігі СҚО бойынша департаментінің бастысы,
Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

2025 ЖЫЛДЫҢ 1-ШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының төрағасы - Рахметова Айзада Нұрланқызы апта сайын сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 11:00-13:00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Ұзынкөл ауылы, тел. 5-26-16.

Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округінің әкімі - Мұқашев Жанболат Хазезұлы апта сайын сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 09:00-ден 12:00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Қарақоға ауылы, тел. 2-44-49.

Мағжан Жұмабаев ауданы экономика және қаржы бөлімінің бастысы - Қыраубаев Азамат Жаңбырбайұлы апта сайын сәрсенбі, күні сағат 10:00-ден 18:20-ге дейін, басынның орынбасары - Наталья Юрьевна Тищенко апта сайын бейсенбі күні сағат 10:00-ден 18:20-ға дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Абай Құнанбаев көшесі, 24. тел. 2-19-56, 2-18-97.

Мағжан Жұмабаев ауданы Ұзынкөл ауылдық округінің әкімі - Қасенов Жаслан Серікұлы жеке

және заңды тұлғалардың өкілдерін апта сайын сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 10:00-ден 13:00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Ұзынкөл ауылы, тел. 5-26-16.

Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округінің әкімі - Мұқашев Жанболат Хазезұлы апта сайын сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 09:00-ден 12:00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Қарақоға ауылы, тел. 2-44-49.

Мағжан Жұмабаев ауданы экономика және қаржы бөлімінің бастысы - Қыраубаев Азамат Жаңбырбайұлы апта сайын сәрсенбі, күні сағат 10:00-ден 18:20-ге дейін, басынның орынбасары - Наталья Юрьевна Тищенко апта сайын бейсенбі күні сағат 10:00-ден 18:20-ға дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Абай Құнанбаев көшесі, 24. тел. 2-19-56, 2-18-97.

Мағжан Жұмабаев ауданы Ұзынкөл ауылдық округінің әкімі - Қасенов Жаслан Серікұлы жеке

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы органдарының атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін сақтамау жағдайлары мен лауазымдық және сыйбалас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефондары бойынша ақпараттандыру қажет:

«Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының аппараты» КММ - 8(71531) 2-19-96.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Таман ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 5-28-90, 5-29-31.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Қонокхов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 5-34-32.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Ұзынкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 5-26-16.

Ұзынкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 5-26-16.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 2-44-49.

«Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» КММ - 8(71531) 2-19-56.

Директор - бас редактор
Вела ГОНЧАР
Ғалеттің мәтіндік несі:
«Азат» «Весты» ЖНҚ

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй.
Тел: 2-17-49.
Басылым индексі 65360
e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына
1 рет бейсенбі күні
шығады

«Magjan juldzy» газеті редакцияда теріліп беттеледі.
«Сенерий Қазақстан» баспаханасында басылады.
(Петропавл қ., Қошқуов к-сі, 5 үй).
Тарауымы - 780

Газет аудан ақпараттық, аудандық мәслихаттың танысырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуді реттеу басылым болып табылады